

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ



СЫРБАЗ САРДАРЫ

(Титул бет)

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ СЫРБАЗ САРДАРЫ



Жинақты құрастырушы
және арнаулы редактор –
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ, жазушы.

Алматы, 2023 ж.



ҚАЛИХАННЫҢ БҰҚТЫРМАСЫ

(Қалихан Ысқақтың «Бұқтырма сарыны» повесіндегі көркемдік-идеялық ізденістер)

Жазушы Қалихан Ысқақ көзі тірі болса, ертең 85 жасқа толар еді. 1935 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Топқайың ауылында өмірге келген қазақ прозасының қара нары жазушылықты, сыншылықты, драматургия мен аударма саласын тең ұстады. Қаламгердің «Қоңыр күз еді» атты алғашқы хикаяты 28 жасында жарық көрді. Соңына мол мұра қалдырған Қалихан Ысқақтың туындылары орыс, тәжік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, украин, шешен, болгар, чех, словян тілдеріне аударылды. Кино саласында Қалекеннің сценарийі бойынша «Сарша тамыз», «Ұшы-қиырсыз жол», «Күзет бастығы», «Қараша қаздар қайтқанда» атты көркем фильмдер экранға шықты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, танымал жазушы Қалихан Ысқақ 2014 жылы 13 тамызда көз жұмды.

Жазушы Қалихан Ысқақ көзі тірі болса, ертең 85 жасқа толар еді. 1935 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Топқайың ауылында өмірге келген қазақ прозасының қара нары жазушылықты, сыншылықты, драматургия мен аударма саласын тең ұстады. Қаламгердің «Қоңыр күз еді» атты алғашқы хикаяты 28 жасында жарық көрді. Соңына мол мұра қалдырған Қалихан Ысқақтың туындылары орыс, тәжік, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, украин, шешен, болгар, чех, словян тілдеріне аударылды. Кино саласында Қалекеннің сценарийі бойынша «Сарша тамыз», «Ұшы-қиырсыз жол», «Күзет бастығы», «Қараша қаздар қайтқанда» атты көркем фильмдер экранға шықты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, танымал жазушы Қалихан Ысқақ 2014 жылы 13 тамызда көз жұмды. Қалихан Ысқақ шығармашы-лығы дегенде, әуелі көз алдымызға сұлу ырғақты, көркем сөзбен кестеленген Алтай табиғаты, оны мекен еткен халықтың қилы тарихы келеді. Екінші рет бажайлап, зер салғанда тағдыры өзгеше, дүниеге көзқарасы, өмір салты, ойлары, тұлғасы қайталанбастай етіп дараланған образдар галереясы ашылады.

«Бұқтырма сарыны» атты фило-софия-лық астары қалың шығармадағы Жөгер шал образы – қазақ әдебие-тінде аналогы жоқ

образдардың бірі. Жазушы шығармасына көптің бірін емес, болмыс-бітімі, ой-өрісі елден бөлектеу, тағдыры қиын жанды таңдап алған. Рас, әу баста Жөгер көптеген жөгерлерден айырмасы жоқ, өз кезеңінің типтік өкілі еді. Ол дүние-мүлік, мал жиып, отбасын асырап күн көрмек болды. Алайда жазушы кейіпкері о баста ғана типтік қасиеттерімен танылса, кейінгі тағдыры, өмір сүру қалпы, ой-пікірі, әлемге көзқарасы арқылы тұлғасын қайталанбастай етіп ерекшелеген. Тарихи кезеңнің, қиын заманның, толқымалы әлеуметтік ортаның, қарапайым еңбекші жанның психологиялық ахуалы қаламгер үшін басты шығармашылық нысанға айналады.

Осынау мінезі де – оқшау, әрекеттері де – біртүрлі Қалихан кейіпкерінің ой қисынын саяси-әлеуметтік өзгерістер контексінде және экзистенциализм философиясы аясында қарастырсақ, түсінуге де болатындай. «...Болмысында күрескерлік рух жоқ жандардың ашық күн, бейбіт шақта да оп-оңай адасатынына, салы суға кетіп аяқ астынан күйреп, күйзелетініне шал образы куә», – дейді Жөгер шал бейнесі туралы С.Әшімбаев өзінің «Ізденіс бағдарын барлағанда» атты мақаласында. Қ.Ысқақ 1968 жылы жазған осы шығармасында жөгерлерге билік құрған жалпы социалистік қоғамдық формацияға қарсылығын ашық көрсететін күрескерлік рух дарыта алмауы бүгінгі күн биігінен түсінікті. Тек емеурін, астармен қоғамда осындай да әрекетшіл адамдар бар екенін мегзеп, шынайы көрсете алған.

Күрескерлік рухтың алғашқы бастамасы қалыптасқан жағдайға, үйреншікті тәртіпке деген қарсылық, наразылық. А.Камю өзінің «Бүлікшіл адам» ұғымын талқылауда оны «жоқ» дегенді айта алатын адам деп түсіндіріп, «күрескерлік рух «теория жүзіндегі теңдік іс-жүзіндегі ғаламат теңсіздіктерді жасырып тұрған қоғамда» өзін еркіндікке жібереді», – дейді. Расымен, Совет одағы құрылған алғашқы жылдары көптеген әлеуметтік әділетсіздіктер, күштеп ұжымдастыру халыққа көп зардабын тартқызғаны тарихтан мәлім. Бұған көндігіп, жаңа құрылымға икемделгендер де бар. Ал Жөгердің бір емес, үш рет бар тірнектеп жиған дүниесінің талан-таражға түсіп, одан айрылып қалуы, сондықтан бір емес, үш рет үдере көшуі, оның үлкен наразылығының белгісі. Жөгер – жаңа қоғамға өкпелі, одан көңілі қалған тип. «Советке деген іштегі мұздай қатқан беріштің алғашқы байланған сәті осы кез. Сол беріш күн өткен сайын ұлғая түспесе, кеміген жоқ», – дейді автор. Оның іші билікке деген қыжыл мен запыранға толы. Құла түзге көшуі – оның қоғамнан жырақтауы. Өз ойындағы барлық әділетсіздіктерге жол берген қоғамды жатсынуы.

Қалихан Ысқақ шығармасындағы жатсынудың төркіні қазақ әдебиетінде 1970-1980 жылдардағы шығармаларда көрініс тапқан жатсынулардан бөлектеу. Егер Оралхан Бөкеев пен Дулат Исабеков шығармаларында адам жанында болып жатқан психологиялық жатсыну жақсы көрініс тапқан болса, Қ.Ысқақ өзінің Жөгер шалы арқылы жатсынудың әлеуметтік, саяси төркініне көз жіберіп, әлеуметтік жатсыну

мәселесін алға тартады. Яғни жазушы тұлғаның жан дүниесінде болып жатқан өзгерістердің қоғамдағы әлеуметтік, саяси өзгерістермен байланысы бар екенін тайсалмай бейнелейді.

Реалист жазушының өмір заңдылықтары тұрғысынан бейнелеп отырған әлеуметтік жағдаяттардың соңын алдын-ала болжап қойғаны байқалады. Себебі қантөгіспен, төңкеріспен, зорлықпен орнаған талай тоталитарлық жүйенің ақыры күйреп тынғанына кәрі тарих куә.

Жөгер өзгелер мен өзінің арасындағы қатынастың жібін үзе отырып, өзінің тіршілігі үшін қажет байланыстардан ғана емес, өзінің қоғамдық болмысынан да бас тартуына тура келді. Мұнан күрделі адами қарым-қатынастарда «жеке меншік» үшін астыртын күрес қоғамнан жырақтаудың пәрменді күшіне айналғанын көреміз. Яғни адам характерінің өзгеруі – басқа түскен тарихи жағдаяттың салдары. Бір жағынан, қалауына жете алмайтың, екінші жағынан, қолында барды қанағат етпейтін, көндігуге де мойынсұнбайтын адам драмасы оның бойындағы рухани бастау-лардың өлуіне себепші болғанын көреміз.

Сағат ағамыз айтқан «ашық күн», «бейбіт шақ» дегеннің өзі әркімге әрқалай ұғылатынын көруге болады, жазушы кейіпкері мұның өзіне де күмәнмен қарайды. Себебі Жөгер үшін бүкіл әлем – жау. «Ал Жөгерге салса, анау теңізі де, мынау күре жолы да Құдай Тағаланың тек өзінің басына ғана жіберген қырсығы мен зауалы», – дейді автор. Осы жағынан келгенде шығарманың көркемдік әлемі экзистенциализм философиясымен қабысады. Яғни мына үрейлі әлемнің жаулығы, кейіпкердің тағдыр алдындағы шарасыздығы, оның ғаламдық жалғыздығы, қоғамды, адамдарды жатсынуы секілді экзистенциализм ағымының көптеген модустарын шығармадан көреміз.

Мына жау әлемде жалғыз қалған адамның пешенесіне жазылған оқиғаларды суреттеу арқылы экзистенциалисттер адам тағдырының міндетті түрде орындалатынына, одан қашып кету мүмкін еместігіне сенген. Шығармада тағдыр ұғымына да үлкен мән берілетіні сондықтан. «Қайда қашса да, алдынан Қорқыттың көріндей кес-кестеген қу тағдыры Жөгерді қуалап әкеліп... қамады». Оның ырқына көндігуден басқа амал жоқ. З.Серікқалиевтің «Жөгерді – өз тағдырының құлы» деп атауы орынды шыққан.

Кейіпкер бұл дүниедегі барлық заттарға жатсына, жауыға қарайды. Жөгер-дің ұнататынынан жеккөретіні көп. Жақтыра-тынынан жақтырмайтыны көп.

Трагедиялық пафос – экзистенциализм эстетикасының басты категорияларының бірі екендігі белгілі. Адамның қоғамнан жырақтауы, тұлғаның екіге жарылуы, адамның өзін-өзі жатсынуы, әрине бұл құбылыстар әрқашан трагедияға толы болады. Жөгер трагедиясы – бүкіл әлемді, қоғамды, айналасын жатсынуы ғана емес, өз отбасын да жатсынып, жау көруі. Отбасын жатсынудың салдарынан онда болуы тиіс жақын қарым-

қатынастар ыдырап, шаңырағы күйреді. Ол тек саяси жүйеге наразылық танытып, қоғамда қалыптасқан нормаларға ғана қарсы шыққан жоқ, оның қиқарлық философиясы адамгершілік нормаларына да қарсы әрекеттер жасатқызды. «... Ол орнынан атып тұрды да жүкті әйелді тура кіндіктің басынан ыңқита бір тепті. Агафияның «ах» деуге шамасы келмей қалды. Демі таусылып, талма ауруы ұстаған адамдай қол-аяғы дірілдеп, көзі аларып, еденге ұшып түсті».

Жөгердің адамгершіліктен аттап, қателіктер жасауына оның шынайы өмірдің деректерін қабылдағысы келмеуі де себеп. Агафия тек өкімет үшін жұмыс істейін деп кеткен жоқ қой. Ол шалының шаруасына көмек болсын деген ниетпен жұмысқа шыққан. Жөгер Агафияның осы ойын бағалай алған жоқ.

Жалпы, Жөгердің өкіметке деген өкпесі ешнәрсені дұрыс бағамдап шешуге мүмкіндік бермейді. Ұлын соғысқа жіберу, жібермеу мәселесін ойланғанда да: «...мені өкімет, мен өкіметті асырап отырғам жоқ. Өкіметтің мендегі, менің өкіметтегі хақым қанша? Баламды майданға жібермей қойсам, маған не істейді?», «...Советке бола мұның ұлы соғысқа неге барады? Шейіт боп кетсе ше? Сонда ненің құны үшін, кім үшін оққа ұшпақ?» – деп шолақ ойлап, ұлын тайгаға қашырып, жабайы етеді. Ақыры қолдан қашқын жасаған сол ұлының кісі өлтіріп, күнә жасауына да себепші болды. Әрі ойлап, бері ойлап, бәленбай жыл қашқын боламын деп жабайыланып кеткен ұлына «милицияға барып, беріл» деген ой айтады. Осы үшін әкелі-балалы екеуі қанға бөгіп төбелескен. Яғни өкіметке деген наразылықпен істеген әрекеті әрқашан Жөгердің өзіне бас қайғы боп шығып отырды.

Мұнда кейіпкер автор белгілеген симпатиялар мен антипатиялардың шекарасынан тыс деуге болады, мұнда жазушының өзі оқырманмен бірге адам жанының күрделі қалтарыс-бұлтарыстарын қойма ақтарғандай бірге ақтарып, жұмбағын бірге шешкісі келетіндей. Тағдырдың жазуымен осындай күйді басынан кешкен Жөгердің жасаған әрекеттерін түсіндіргісі келмейді, керісінше түсінгісі келетіндей, оның жасаған әрекеттеріне түрткі болған, осылай істеуге итермелеген жағдайды ашып, тағдырын алақанға салып көрсетіп, оқырманның өзіне осы жайтты сезінуіне мәжбүр етеді. Автор Жөгерді қоғамдық әділетсіздіктің құрбаны деп пафосты суреттемесе де, осы бір жанның өмірінің бақытсыз өтуіне биліктің де бір ықпалы болғанын астарлап көрсеткен.

Бір қарағанда Жөгер шалдың өмірі мәнсіз өтті. Өз әрекетімен, үкіметке қырсығуымен Жөгер кімге, нені дәлелдеді? Ешкімге, ештеңені де дәлелдей алған жоқ. Ақыры өзі де, отбасы да бақытсыз болып өмірден өтті. Оның зая кеткен ғұмыры – трагедия. Билікпен ашық күреске түспей, өз өмірін құрту арқылы наразылығын танытуы – абсурд. Сыншы З.Серікқалиевтің «Ақ жол кітабында» Жөгер шалды: «Бар ғұмыры ұсақ, күйкі тірліктен аспаған, жер бетінде ізі қалмаған, жыбырлап өскен адамның

өткен жолына оқушының қиналысынан гөрі аянышы басым», – деп бағалауы сондықтан.

Өзі қол жеткізе алмаған бостан-дыққа тек барлығы кетіп, аралары да қашып, немересі де кетіп тынған соң, яғни әлеуметтік байланыстардың барлығы үзілгеннен кейін қол жеткізгендей болады. «Өзін-өзі ғұмыр бойы азапқа салып, тәмам жұртпен атысып-шабысып, біреуге қан жұтқызып, біреуге қиянат жасап, өткерген тиянақсыз өмір елестері де бүгінде көңілден біржола өшкен. Туғаннан да, туыстан да «күнәһарлығы көп» былайғы дүниеден де безіп шығып, ес білгелі бері аңсаған бас бостандығына енді ғана қолы жеткендей рахатқа батты», – дейді шығарма соңында. Яғни Жөгердің өмірбақи армандаған арманы – қоғамнан, жеке өміріне киліге берген өкіметтен азаттық.

Экзистенциализм эстетикасында мына әлем соншалықты жау болса да, мына әлем трагедияға толы болса да, әдетте авторлық позициядан адам тұлғасы, оның өзіндік пікірі, өзіндік ерекшелігі (самобытийность), бостандығы үшін ашық болмаса да, күрес нышанын көруге болады. Жөгер ашық күресе алмады. Дегенмен бұл да Сизифтің біз үшін зая боп көрінетін, өзі үшін қажет болған өзінің еңбегі секілді, Жөгер үшін де осындай бос жөгершілдік қажет екенін жазушы көрсете алған. Мейлі, индивидуалды бүлікшілдік мақсатына жетпесе де, әлемнің тағдырын шеше алмаса да, осындай кішігірім істер – адам тағдырын құрайтын, әрекетке жетелеп отыратын мотивтер.

Повесть сюжеті контрастілі екі желі бойынша дамытылып, суреттеледі. Бірі – жастықтың жарқын, үмітке толы желісі. Ол немересі Дуня мен Аянның қарым-қатынасы, таныстық-білістік, бірін-бірі ұнату хикаясы болса, екіншісі – Жөгер шалдың, яғни өткенге көз жіберіп отырған кәріліктің өкінішке толы, болбыр желісі. Сюжеттің екі желісі контрастілі болғанымен, жазушы категорияларды, заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды тура қарама-қарсы қойып суреттеп мифке айналдырмайды. Жақсылық пен зұлымдықтың арасындағы айқын күрес те жоқ.

Шығарма табиғатын тану үшін ондағы образдар философиясына үңілген жөн. Мұндағы Жөгер мен Аян образдарының философиясы контрастілі болып келеді. Жөгер өткенін тәрк етіп, қоғамнан жерініп, айналасын құрметтемесе, Аян болса – өткенін, тарихын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, адами құндылықтарды рухани байлық ретінде тани алған жан. Оған оның Абай өлеңдерінің тереңіне бойлап, Тәттімбеттің күйлерін тебірене тыңдауы дәлел. Аянның Дуняның ендігі тағдыры үшін өзін жауапты сезініп, оны алып кетуі де оның азаматтық болмысын танытады.

Шығармадағы көркем уақыт өмір шындығын бейнелеудің бір құралы болған. Егер Жөгер шалдың ауыр естеліктерінде уақыт тоқтап қалатын секілді болса, Аян мен Дуня арасында уақыт зырылдап тез өтеді. Уақиғаны баяндау жылдам, ойнақы ырғақпен дамиды. Жастардың арасындағы диалогтан 1965-1970 жылдар арасындағы өмір шындығы сол қалпында

көрінеді. Сол кездері сән болған музыка, сол кездері танымал болған әртістер, сол кездегі әйгілі журналдар – барлығы шынайы бейнеленеді. Бірақ ол өмір шындықтары ерекше назарға түспей-ақ, жанамалай, жорта көрсетіледі. Бұл бір жағынан жазушының «көркем шығарма – зерттеу емес, информациядан аулақ болуы керек» деп бір сұхбатында айтқан ұстанымын байқатады.

Повестегі интерьер де тек кейіп-кердің өмірлік ортасын, әлеуметтік жағдайын ғана көрсетіп тұрған жоқ, ол жалпы шығарманың көңіл-күйін байқатады. «Жапан түзде, жарбайған жетім үй», «керексіз қараң қалған ескі жұрттай... шағын шаруа», «бұрыштағы жесір тал», «мешел қара монша», «қуықтай бөлме», «уілдеген пеш», «жалғыз терезе» яғни бар заттық әлем жалғыздық поэтикасына бағынған.

Автор ерлігі – 1968 жылдың өзінде Совет үкіметіне қарсы адамның тағдырын суреттей алуымен ғана емес, шығарма астарынан ұлттық идеяны да көрсете алуы. Ол сюжеттің жалпы даму желісінен, шығарма шешімінен көрінетін – елдік мұрат. Кержақ шалдың ұлы Федордың жер бетінде табытының да қалмауы, әуелі қызы Настя, содан кейін немере қызы Дуняның қашып кетуі, кержақтың осы жерге, яғни қазақ жеріне тамырын жая алмауын, көктеп-көгере алмауын көрсетеді. Себебі оның жалпы табиғаты, діні, ділі осы өлкеге жат. Қарапайым қазақы психологияда: «байлық қолдан таяр – мұз, бала артта қалған – із, дүниенің қызығы – сіз бенен біз». Яғни Жөгердің артынан із қалған жоқ. «Ой да – бір тұңғиық, кешсең өте алмайсың, ұстасаң уысыңда тұрмайды, әйтеуір лыпып аққан ағын су. Өзінің із-тозсыз ғұмырындай» деген жолдар бар шығармада. Шығарма атауын автордың «Бұқтырма сарыны» атауының мәні осыда болар. «Ал Жөгер шалдың тағдырында қандай сарындар (мотивы) басым болды?» деген сұрақ «Жалпы, адам баласын алға жылжыту үшін қандай өмірлік сарындар басым болуы керек?» деген күрделі философиялық мәселелерге ұласады.

Іштей бөлектену, сырттай бөліну, ортадан жеріну, пікірден айну, ойдан қайту, кектену, амалсыз қалу секілді рухани-тұлғалық мәселелер сарынына жазушының ерекше назар аударуы тегін емес.

Автор елеусіз детальдар арқылы да кержақтың менмендік психологиясын ұтымды көрсетеді. «Қақпа жыртиып қана ашылды; Саңылаудан мыжырайған жабағы беттің жармысы, жалғыз көз, қызылшақа кепештің жармысы ғана көрінді.

– Не керек саған?

– Күрек, балта керек.

Сарпылдаған башпақ тықыры ауланы ұзақ қыдырып, не заматта қақпа алдына қайтып оралды.

Бір теңге деді шал күрегін ұсынып. Сосын балтасын көрсетіп, – бір теңге, – деді тағы да.

Ол тінтікілеп жүріп Аяның алақа-нынан тек күмісті ғана теріп алды, қолжуғышқа барып сабындап жуды, көйлегінің етегімен сүртті де, бастырмада ілулі тұрған көне аяққапқа тастай салды.

...Аян сипалап жүріп күрек пен балтаны тауып алды да, шалдың аяғына былш еткізіп, тастай салды.

– Сен-ақ малдан, – деді шал. – Маған енді қажеті жоқ.

– Жеркенесің ғой?.. Әлде тағы да үш сом жеті тиын берейін бе?». Осы елеусіз деталь арқылы автор кержақтың жалпы ұлтты жатсынуын шебер көрсете алған. Өзі сол ұлттың жерін мекен ете отырып, шаңыраққа қарамастан ол жерде өз тәртібімен өмір сүргісі келеді. Жергілікті ұлтқа менсінбей, жоғарыдан қарайды. Ол ұстаған затты енді қайтып ұстауға жиіркенеді. Алтай кержақтарының осындай дәстүрлі мінезі болғандығын Оралхан Бөкеевтің «Қар қызы» шығармасынан да көрініс тапқан. Кержақ Қоңқай шалдың «Нұржан су ішкен кесені енді қайтып пайдалануға болмайды» дегендей, көзінше лақтырып жіберетін эпизоды бар. Мейлі ол өз дәстүрлері делік, бірақ соншалықты жиіркенсе, қонақ кеткен соң да лақтырып жіберуге болады ғой. Автор кержақтардың затты көрсетіп лақтыруы арқылы келесі ұлтты көзінше төмендетіп, қорлап, намысына тиюдің құралы екенін байқатады.

Шығарма соңы Жөгер шалдың денесі әйелінің зираты басында қалып, көмусіз аяқталуының да өзіндік мәні бар. Қазақ «көптен кеткен көмусіз қалар» дейді. Аян өз ойында Жөгер шал туралы «жұрттан бір уыс топырақтан басқа не тілейді?» деп ойлаған. Әрине, ол қазақы түсінік бойынша ойлап тұр. Автор көпті жатсынған Жөгерге көптен бір уыс топырақ та бұйырмай кеткенін тұжырып алып отыр. Автордың бір сұхбатында айтқан «Талайға мекен болған Алтайдың баурайында қашып-пысып келген талай пенде тұрақ тапқан. Алайда тектілік танытпасаң, құрып бітетін жерің де осы Алтай», – деген туған жерін қасиет көретін, қастерлейтін ойы осы шығармаға арқау болғанының айғағы.

Еркінгүл СҰЛТАНОВА.

«Қараормандағы» адамдардың тағдыры

Аннотация. Мақалада авторлардың қаламгер Қалихан Ысқақовтың «Қараорман» атты романына, оның көркемдік әлеміне, тіліне, стиліне, образ жасау тәсіліне талдау жасау арқылы жазушының кейіпкер дүниетанымына үңілудегі кемелдігі мен суреткерлік шеберлігін, авторлық ұстанымын айқындауы қарастырылған.

Әдебиет – ардың ісі. Жазушы – ар мен адалдықтың, қауымның қайғысы мен қуанышын теңдей теңгерген елдің көзі мен құлағы, сөзі мен өзі. Ардың жүгін арқалаумашақат, машақатты болса да, мәртебелі. Қаламгер боп туузор бақыт, сол бақытты баянды қылу – зор жауапкершілік. Әдебиет атты мұхитымызды сәлді сөз, тың ойларын қайталанбас құштарлықпен

өзіндік арна арқылы рухани байлығымызды молайтып жатқан дарындар аз емес. Қазақтың қара сөзін қуаттандырып, көркем ойды сөз сәулесімен нұрландыру талантқа тән. Айтылған ой көрнекті қазақ жазушысы Қалихан Ысқаққа да қатысты. Қазақ қаламгерлерінің арасындағы шоқтығы биік, пайымы бөлек, парасаты жоғары қаламды серік еткен Қалихан жайында сөз қозғау оңай емес. Танымынан тамыр алған, жүрегінен жыр боп төгілген туындыларын талдау одан да қиын. Оқырман қауымға атын шығарған тұңғыш туындысы "Қоңыр күз еді" повесі. Шығарма өзінің балалық шағындағы өмірін өксігімен және өз махаббатымен тұтас күйінде бұзбай – жармай қағаз бетіне түсіре салғандай әсерге бөлейді. Повестегі бізге таныс интернат өмірі бар шындық қалпымен көзімізге елестейді. Мұнда сезім мөлдірлігі, жан тазалығы және турашылдығымен есте қалатын шыншыл да бірегей бейнелер кездеседі. Қасым, Алтын, Қомшабай бейнелерін сомдағанда, қаламгердің шын сыры, ой – арманының гуманистік сипаттары жарқырай көрінетіні айқын. «Теңіздің қасиеті тамшыдан танылады» демекші, алғашқы қадамынан-ақ өзінің айқын қолтаңбасын танытты. Жазушының үздік шығармалары орыс, украин, өзбек, татар, чех, словак, неміс тілдеріне аударылып басылуы да көп нәрседен хабардар еткендей.

Қ. Ысқақовтың қаламынан туындаған шығармалардың қай-қайсысын алсаң да, көз алдымызға бүкіл Алтай өңірі өзінің ғажайып тұтас тұлғасымен, әсем табиғатының көрінісімен жанды баурайды. Тіпті халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің: "Алтайдың тұмса табиғатын, шулаған қара орманы мен Бұқтырманың булыққан сарынын көркем прозада бірінші рет бейнелеген Қ. Ысқақов." деген сөзінде тереңсыр жатыр. Айтылған ойымыздың дәйекті дәлелі ретінде қаламгердің 1981 жылы жарық көрген «Қараорман» романын алсақ та жеткілікті.

Романның көтерген жүгі қомақты. Орманшылардың тұрмыс-тіршілігін көрсету арқылы адам тағдырын алдыңғы кезекке шығарып, қоғамның әрқилы сәтін, кезеңнің келеңсіз тұстары мен шуақты мезеттерін көркем сөзбен кестелеп, талабы өскелең оқырман қауымды бейжай қалдырмайды. Оқиға Алматыдағы орман шаруашылығы институтын тәмамдаған Бекеттің жұмыс іздеп, Әбдіжапармен әңгімелесуінен басталады. Оқиға бірте-бірте өрбіп, Жындысайдағы жалқы өмірдің күйбеңіне түсіп, тартыс шиеленісе түседі.

«Қараорман» романы Алтай өңірінің әсем табиғатын, ондағы орманшылардың әрекетін суреттеумен шектеле ме? Әрине, жоқ.

Табиғат – адам өмірімен біте қайнасқан тіршілік ортасы. Одан адамды, керісінше, табиғатты адамнан әсте бөлуге болмайды, бүтіннің бөлшегі, жартының жарымы. Заңдылыққа негізделген бұл шарттың көркем шығарма да көрінуі де заңды. Автор қалай көрсете алған? Оқырманның көз алдына палитралы картина елестей ме? Мәселе осында. Көркем шығармадағы мына мына бір сәттер: «Қара орманның көкжиектегі тұтасқан сілемі қара

жартастардың өркеш-өркеш жақпарындай ырсиып, боз шаңырақтың күмбезін түртіп тұр. Тайганың түні мақпал қара. Тайганың түні тым-тырыс», немесе «Шаңқай түс болса да, таудың теріскейі алакеуім. Оның үстіне ала шарбы бұлт күн көзін кіреукелеп, боз аспанның реңі кірлеген бөздей сынық. Сай-сала суық, жазғы салымғы күнгірт те меңіреу орман көңілді құлазытып, тірлік біткенді жаныштап тастаған». Жазушының сөзден сурет сала білу шеберлігіне таңданбасқа шараң жоқ! Жалпы, алғанда адамның көңіл күйін ауа райымен, табиғаттың сан алуан қалпымен байланыстыру бұл шығармада жиі кездеседі. Мәселен, романның соңында Жақыптың ауылдан кеткен сәтін суреттейтін мына бір деталь соның айғағы: «Жақып ауланың қақ ортасында тұнып алып ысқырып жіберді; шатыр ішінен пар-пар ұшқан кептерлердің қанат тарсылы ауаны жаңғыртты көтергіш кранның қалың орманы сыңысқан жатақтар жұртын екі-үш айналды да көз талдырып әуелей берді; қайтып оралмайтындай қара орманның құсына шейін үркіткен Жақып көңілінің құсымен қош-тасқандай аспанға ұзақ сүзілді, қырықтан ас-қанша алданыш боп келген жастық дәуреннің соңғы сарқытымен біржола қош айтысып еді».

Қаламгер кейіпкерінің жан күйзелісін, көңілінің кірбің шалып, жабырқау тартқан мезетін шебер жеткізе білген.

Романдағы оқиға Әбдіжапар, Жақып, Мешел, Бескемпір, Сиғат, Бекет, Сан Саныч, Осип қарт, Леся сынды кейіпкерлердің қатысуымен өтеді. Әр кейіпкердің өзіне тән характері бар. Әбдіжапар заманның қабағын аңдыған ку-пысықай болса, Мешел дүниеқоңыз, Сиғат қызқұмар сері мінезді, Осип қарт әңгімешіл, Леся жеңілтек. Үнемі осы мінезде көрінбейді, бұлар да адам, бір күйден екінші күйге ауысып отыратын сәттері көп, себебі өмір ғой, ал көркем шығарма – өмірдің өнердегі сәулесі. Туындыдағы көтерілген мәселе бүгін де маңызын жойған жоқ, романның өміршеңдігі де сол. Әбдіжапардай «түлкі заманды тазы боп шалған» жандар аз ба?! Леспромхоздың жоспарын асыра сілтеп, қалған қаражатты қалтаға басқан Әбдіжапар кейін лесхоздың директоры Сиғаттың сөгісіне қалып, «жұтқанын қайтарып, жыртқанын жаматады». Бұл біздің өміріміздің өзекті мәселесіне айналған жемқорлық пен парақорлықтың пошымы сол кездің өзінде де өміршеңдігін жоғалтпаған! Жындысайдың жыл сайын жүдеу тартқан күйін бей-берекет шабылған ағаштардың кесірінен екенін, табиғаттың тамаша көркін қолдан құртып жатырғанын жазушы Шерубай мен Осип қарттың аузымен айтқызады. «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деген байламды пікір осы орайда ойға еріксіз оралады.

Зинақорлық, нәпсіқұмарлық – адам баласының өмірімен біте қайнасқан қасіреті. Лесяның кішкентайдан дос болып, кейін өмірлік серігіне айналған Жақыптың көзіне шөп салуы, ол теңіз флотына кеткенде, Анисимнің Петькасымен көңіл жарастыруы, Бекетке қыр көрсетуі оқушыны жамандықтан сақтануға шақырады. Оқисың, ойланасың. Жақыптың бел

ауруына ұшырап, күйзелген күйініші жаныңа батады, Лесяны соны неге түсінбейді деп кей кезде жек көріп те кетесің. Леся образы осыны аңғартады.

Мешелдің мешкейлігін көріп, алғашында одан алшақтайсың. Кейін оған жанашырлық сезімің оянады. Неге? Кішкентайдан өгей әкеден көрген қорлығы, жоқшылық пен мұқтаждық оны осы жағдайға жеткізген. Ақшаға құмарлығы оның жайлы тұрмысты аңсауынан туғанын, бақытты күндерге үмтылысы екенін түсінесің. Жәмиламен қосылып, өмір ағысына бейімделіп, барлығын жаңаша бастайды.

Бекеттің образы өзінше бөлек. Оның талпынысы, өмірге құлшынысы басқаларға ұқсамайды. Институтты бітірген жас маман кейін лесхоздың бас орманшысы атанады. Алматыдан Алтайдың жабайы табиғатына аттануы, қайсар мінезі, еңбекке құштарлығы кім-кімге де үлгі.

Шығарманы бірден оқып, игеріп кете алмайсың. Бір қалыпты, бір сарынды басталған туынды келе-келе өз арнасын табатындай. Жалпы автордың сөздік қоры құнарлы. Дегенмен, кей сөздері түсініксіз, жергілікті сөз ерекшеліктерін жиі қолданып, романның өн бойында кіріктіріп отырады. Мәселен, такаббар, тахта, айланып, пашпырт т.б.

Романның ең ұтымды тұстарының бірі – юмордың жиі кездесуі. Ұзақ сонар баяндаудан оқырманды құтқарып, көңілдендіріп отырады:

«Ақша... Адам орнына ақша, бала орнына ағаш жинайтын да мода болды-ау!». Оқып отырып, күлесің, күле отырып, ойға батасың. Бұндай тұстары жетерлік.

Қаламгердің қалам алысының шеберлігі сол – сөйлемдерін қанатты сөзге құра білгендігінде. Мәселен, «Сызылып ішіп, сыпайлықпен тойған бір тамақтың, сыбырлап сөйлеп, сызданып тыңдаған сұқпаттың жалқы көңілге шипалығы қанша?!», «Әр заман өз ақылымен дана, өз ақымағымен думан», «Кешегі қызығың – бүгінгі мұң, кешегі мұңың – бүгінгі күлкі», «Әйел затын ерегестірсең, жау түсіреді, еркелетсең, басыңа шығады, елемесең, мүсәпір». Қаламгердің өмірден түйгені мен жиғаны мол екені көрініп-ақ тұр. Салмақты ой, шымыр түйін, кесек пікірлер.

Ал енді кейбір көлеңкелі тұстарын шолып өтейік. Алғашында бас кейіпкер секілді көрінген Бекетті нағыз шешуші тұстарда жиі «жоғалтып» аламыз, оның көрінгенмен көңіл көтеруі, Жақыптың әйеліне көз салуы жеңіл ойдың адамы екенін көрсетіп қоя береді. Образ типтік күйге жетпеген. Оның махаббатқа дәрменсіздігі көп жағдайда көптің бірі ретінде көрсетеді, әр қызды Әсемге ұқсатуы қисынға келмейді, еске сақтау қабілеті нашар ма деп ойлап қаласың, ал болмашы бір сезімі де жеткілікті суреттелмеген. Басында біраз ісімен көзге түскен Сифат та соңғы сәтте ұшты-күйлі жоғалады. Мешелдің де 15 сәткелік түрмеден кейінгі тағдыры да беймәлім. Аяқсыз қалған. Оқушыға күмән туғызатын жерлердің бірі Жәмиланың ата-ананың қарсылығына қарамастан, қыз айттыруға келіп отырған Бекеттердің артынан жүгіріп шығып, «түр-тұлғасы келіспеген», өзі танымайтын

Мешелдің етегінен ұстауы аса нанымды шықпағанын айта кетсек, артық болмас.

Ал тұтасымен алғанда, «Қараорман» романы экологиялық мәселені қозғап, тағдыр тартысына құрылған, орманшы атты мамандықтың қиын да қызықты қырларын көрсете білген. Әсіресе орманшылардың зеңгір көкке қарап, күн райын бақылай білуі (Сифаттың), ағаштардың белгілі бір мөлшермен шабылуы көп нәрсені аңғартады. Сонымен қатар ауыз әдебиетінде кездесетін бітім-болмысына қарап ат қою (Қара Дию, Тасқабак, Қарашелек, Мешел т.б.) тәсілі де романның табыстарының бірі.

Қалихан Ысқақ – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар дарындардың дарасы. Өмір сүруін тоқтатып, историзм «қоймасына» түскен небір жауһар сөздерге «өмір сыйлағаны» қаламгер қабілетінің қуатын сездірмей ме?! Сонысымен құнды, сонысымен асқақ.

Ш.ШОРТАНБАЕВ,
М.ТАУБАЛДИЕВ.

2012 ж.
(Интернеттен.)

Әй, Қалеке!.. ***(Естеліктерімнен)***

Ертеректе... Әңгіменің бәрін дерлік «ертеректе» деп бастауыма тура келеді, өйткені жастық шағымыз өткен ғасырда қалып қойды ғой. 80 жылдардың орта шенінде Өнер академиясының студенттері менің бір пьесам бойынша спектакль қоюға кіріскелі жатыр екен. Қазір пьесаны оқу, талдау кезеңі. Ал спектакльді жазғы каникулдан кейін қоймақ. Жазғы каникул өтіп, студенттер қайтып келген кез. Бір күні сол спектакльде басты рольдерде ойнайтын екі қыз менің жұмыс орныма келіп, ауылдарынан алып келген дәм-тұздарынан ауыз тигізу үшін қонаққа шақырып кетті. Егер жалғызсыраймын десеңіз, қасыңызға жөні түзу, тәртіптілеу бір досыңызды ертіп келерсіз деп те айтып қалды. Ойланып-ойланып кеп, сол кезде жиі араласып жүретін Қалекеңе, аға досым Қалихан Ысқақовқа қыздардың екеумізді қонаққа шақырып жатқанын айттым. Ол бірден келісті. Келіскен уақытта қыздар жалдап тұрып жатқан пәтердің қоңырауын бастық. Өнер академиясының актерлік факультетінде оқитын студенттер, әрине, драматург Қалекеңді сырттай жақсы білетіндіктерін, келгеніне қуанышты екендіктерін айты. Амандық-саулық сұрасып болған соң Қалекең екеуміз столға кеп отырдық. Екі қыз болса, асып-сасып, дастархан мәзірін түгелдеп жүгіріп жүр. Сәлден соң стол басына түгел жиналды.

– Кешіріңіздер... сәл кешігіп қалдық, – деді қыздардың бірі біздің біраз күтіп қалғанымыздан қысылып.

– Ештеңе жоқ, қара қыз, - деді Қалекең. Ол қыздардың бәріне «қара қыз» деп сөйлейтін.

– Ал, Қалеке, дастарханды бастап беріңіз, - дедім бәрі дайын болған соң төрде отырған Қалекеңе. Қалихан көп күттірмей сөзін бастап кетті.

– Осында кеп көт басып отырғанымызға жиырма минуттай болды, - деп бастады ол сөзін. – Содан бері сендердің ағаларыңды силап, асып-сасып жүргендеріңе разы боп отырмын.

Арқын-жарқын күліп отырған қыздар Қалиханның мына сөзінен кейін күлкілерін саппа тиып, жым-жырт болды да қалды.

– Мына жаңғыз (*мені «жаңғыз» деп атайды, - Дулат*) шақырған соң келіп едім, келгеніме қуанып отырмын. Өздерің қай елсіңдер?

– Найманбыз.

– Мен де найманмын, ағаларың болам. Найманның қайсысыңдар?

Екі қыз бірден жауап бере алмай кібірткітеп қалды.

– Айта алмай жатқандарыңа қарағанда, Көтібақ болдыңдар ғой, солай ма?

– Иә, ағай, - деді қыздардың бірі, ұялғаннан төмен қарап.

Шай ішілді. Ауылдан алып келген әртүрлі тағамдарды біраз бажарып тастадық. Қалекең екеуміз екі-үш рюмкадан коньяк ұрттап та алдық. Қалекең Мәкеуде оқып жүрген кезінен ұзақ бір әңгімені бастап алып, енді оның аяғына шыға алмай малтығып жатқанда, екі қыздың біреуі аузын алақанымен көлегейлеп есінеп алғаны. Осыны байқап қалған Қалекең айтып отырған әңгімесін тастай салып:

-Неғып есінеп отсың? Ұйқың кеп отыр ма?» дегені.

– Ой, ағай, кешіріңіз, мен байқамай, уылда жүргенде ұйқым бір қанбай-ақ қойды.

– Неге?

– Біздің үйде оншақты тауық бар, соның екеуі әтеш. Таң атпай екеуі екі жақтан айғайлап ұйқы бермейді.

– Ә-ә, оларды айқайлатпауға болады, - деді Қалекең іс білетін адамның сенімді даусымен.

– Ол қалай? – деп қыздар Қалекеңе таңырқай қарады.

– Оның пәлендей қиындығы жоқ. Алдымен қоразды ұстап аласың. Сонан соң басын теріс қаратып қолтығыңа қысып тұра-сың да, солидолдан екі саусағыңа іліп алып, қораздың көтеніне пісіп-пісіп жібересің. Қоразды қоя берген кезде ол анадай жерге барып, қо-қо-қо деп айғайламақ болғанда арт жағы парс ете қалады да, өзінен өзі қорқып ауланы айнала қаша береді. Қорқынышы басылып, тағы айғайламақ болғанда арт жағы тағы парс ете түседі. Содан шошынып, ары қарай тыныш жүреді. Міне, сөйтіп, қоразды айқайлатпауға болады, – деді Қалекең, суып қалған шайын жайбарақат сораптап ұрттай бастап. Екі қыз күле де алмай, сөйлей де алмай жым-жырт отырды да қалды. Біз кеткенше олар өздеріне өздері келе алмай, бетімізге тура қарай алмай, Қалекеңе кесе ұсынғанда қолдары дірілдеп, әбден дегбірлері қашты. Жарты сағаттай отырған соң:

– Ал, Қалеке, біраз уақыт боп қалды, қайтайық, - дедім.

– Қайтсақ қайтайық, - деп ол да орнынан тұрды. – Ал, қара қыздар, көрсеткен сый-құрметтеріңе рахмет. Коньяк ішпейді екенсіңдер, ана шампаннан бір-бір бокал сіміріп алсаңдар, тоңқайып-тоңқайып ұйқтап қалуларыңа жақсы болады. Ауылдағыдай айғайлайтын қораз жоқ, алаңсыз ұйқтай беріңдер! Ал, сау болыңдар!

Екеуі еріндерін жыбырлатып, көздерін жоғары көтермеген бойы бізбен үнсіз қоштасты. Біз кеткен соң күлген шығар-ау!

Дулат ИСАБЕКОВ.

(Интернет. «Айқын» ақпарат, 03.12.2021 ж.)

Өмір... әйелге деген сағыныштан басталады

Соңғы он-он бес жылда жаз шыға елге, Қатынқарағайға кететін Қалихан ағаны саф ауамен демалып Алтайында жүрген болар, Алматыға күз түсе оралар деп бір ойлаған едім; әріптес құрбы Заря (Жұманова) телефон соғып: «... Әлия, қайдасыз? Одақта Қалихан ағамен қоштасу болып жатыр ғой, қазір еліне алып кетеді» дегенде қала сыртында жүрген мен төбеден жай түскендей болдым... Қал-ағаның өзі кезінде досы Асқар Сүлейменов туралы жазғанындай, «Аяулыңнан айырылсаң – айтарың жоқ...» Мұндайда бірден алғашқы таныстығыңнан бастап бәрі көз алдыңнан өте бастайды.

Жазушымен алғашқы таныстық қалай болушы еді. Әрине, шығармасы арқылы. Қазақтың Қалиханы, ал, ол кезде мен үшін жазушы Қалихан Ысқақов есімін ең алдымен «Қоңыр күз еді» атты повесі арқылы білдім. Онда да повесть жарық көріп, дуалы ауыздардан жоғары баға алып, қызуы басылмаған кезде емес, сәл кейінірек оқыппын. Мұны да кейін бағамдадым. Ерекше бір әлемге тап болғандай едім, шығарманы бір демде оқып шықтым, жетімдердің тағдыры көңілге мұң қонақтатып, көкірек тұс ашыды...

Жазушының өзімен 1978 жылы Жазушылар одағында таныстым. Таныстырған көрнекті сыншы Төлеген Тоқбергенов. Екеуі бір кабинетте отырады екен. Екеуі де, шамасы, сол кезде Одақта әдеби кеңесші. Менің бірер әңгімемді Төлеген ағадан алып тез-тез көз жүгіртіп шықты да, «қазір Мәскеуге киносценаршылық оқуға жіберуге іріктеу жүріп жатыр, сен мыналарыңды сонда тапсыр, – деді Қалихан аға бас-көзге қарамай, – онда Бондаренко деген әйелге бар». Сонсоң өзі жалма-жан телефон соғуға кірісті, біраздан кейін ол жақтан біреумен сөйлесті, Бондаренко ма, басқа ма, білмедім, әлден соң телефон тұтқасын орнына қойды да, іріктеу бітіп кетіпті деді біртүрлі өкінішпен. Ойламаған жерден басталып, тез аяқталған бұл мәселеге мен еш өкінген жоқпын, ал, Қалихан ағаның соншалықты ақ ниетіне, ашық, ақ көңіліне іштей қатты ырза болып қалдым.

Арада бірер жыл өткенде мен «Қазақ әдебиеті» газетіне жұмысқа келіп, Жазушылар одағында қызмет ететін Қалихан ағамен редакцияда, Одақтың кеңес жиындарында, өзге де шараларда кездесіп жүрдік. Неге екенін білмедім, мені «Қара қыз» деуші еді. Қалихан ағаның елде жоқ сары «Жигулиі» болатын. Кей-кейде театрларда Худсовет деп аталатын жиындарға барарда «Қара қыз, жүр, кеттік!» деп машинасына отырғызып алатын.

Жазушының «Қоңыр күз еді» кейін жарық көрген «Ағайындар», «Менің ағаларым», «Бұқтырма сарыны» повестерін қызыға оқыдым. Ал, ерекше әсер еткен шығарма жазушының «Тұйық» романы еді. Романда суреттелетін «Мұрат» ауылының тыныс-тіршілігі, үндемес, ештеңеге мойымас атпал азамат Қажымұраттың тағдыры оқырманын бей-жай қалдырмайды, өйткені мұндай тыныс-тіршілік, Қажымұраттай атпал азаматтар тағдыры қазақтың қай аймақ, қай өңірі үшін де бейтаныс емес-ті.

«Тұйықтан» кейін – «Қараорман» романы. Кейін тынысы тереңдеп, арнасы кеңейіп, тарау-тарау тағдырларды уақыттық мағыналармен тоқайластырып, үлкен пәлсапаға ұласып, тұтас бір дәуір ағынындағы ел тағдырын танытқан «Ақсу – жер жәннатының», бәлкім, алғашқы нұсқасы. Жазушы Қалихан Ысқақов ер жасы елуге осылайша бірнеше повесть, екі романның авторы болғанда толып еді. Әрине, оның әңгімелері, пьесалары мен аудармаларын, көптеген мақалаларын айтпағанда. Сол елужылдық қарсаңында сол кезде «Жалын» журналында қызмет ететін Есенғали Раушанов жазушы шығармашылығы туралы мақала жазып беруімді өтінді. Жоғарыда аталған повестер мен романдарды қайтара оқып шығып, жазушы шығармашылығын өзімше талдап, ой жинақтап, көлемді бір мақала жазып бердім. Ол мақала 1985 жылдың соңына қарай «Жалында» жарық көрді. Содан біршама уақыт өткенде «Қара қыз, Дәмеш апаң сені үйден шай ішіп кетсін деп жатыр» деді Қалихан аға. Сонымен ертеңіне жұмыстың соңына қарай Қалағаның «Жигулиімен» үйіне бардық. Үйлері қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы театрдың маңайында. Дәмеш апай ашық жарқын, дастарханы берекелі, мол қол жан екен. «Мақалаң маған ұнады», деді Дәмеш апай, сонсоң мені қолпаштап тағы біраз мақтау айтты. Бүкіл әдеби процесті қадағалап отыратыны, білімді жан екені сезілді, ал, Қалихан аға туралы айтқанда ерекше шабыттанып кететіндей көрінді. Сөзінің біссімілләсі «Біздің Қалихан...» екенін байқадым. «Рахмет, – дедім кетерде өзімше этикетке салып, - бәрі де дәмді болды» (қазір еске алып отырып, сол бір этикетім үшін ұялып отырмын, Қалихандай жазушының, қазақтың үлкен бір тұлғасының отанасының дастарханы дәмді болмағанда қайтушы еді...). «Біздің Қалихан да тамақты дәмді пісіреді ғой, - деді сонда Дәмеш апай. – Әй, Қалихан, – деді содан кейін – Әлияны әсіпке шақырсаңшы.» Қалихан аға бір күліп алды. Ал, өзі қоярда-қоймай сөмкеме бір литрлік шыны банкімен бал салды. «Мынау Алтайдың балы, таза бал, білемін, сендер түнімен мақала жазасындар ғой, сонда бір қасық жеп ал, шайыңа сал,

денсаулыққа өте пайдалы» деді құдды бір туған анамдай қамқорлап. Содан арада бірталай уақыт өткенде Қалихан ағаның атақты әсібінен дәм татудың да орайы келді.

Ұмытпасам, 1987 жылы жазға салым болуы керек, Республикалық Жасөспірімдер мен балалар театрында Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы бойынша спектакль шығарылды. Қоюшы-режиссері көрнекті режиссер Бәйтен Омаров. Ал, романды сахнаға лайықтап жазған, яғни сахналық нұсқасын жасаған Қалихан Ысқақов. Жалпы көлемді прозаны сахнаға лайықтау оңай шаруа емес. Ал, өзі кәсіби киносценаршы Қалихан аға мұның асқан шебері еді. Оның бұл орайдағы үлкен бір еңбегі – М.Әуезовтің «Қараш-Қарашы» бойынша жазған инсценировкасы. Ол «Таңғы жаңғырық» деген атаумен Қазақ Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында өте сәтті қойылған болатын. Идея сол кезде әдебиет бөлімінің меңгерушісі Асқар Сүлейменовтікі, спектакльдің қоюшы-режиссері Бәйтен Омаров, Жарас бай бейнесін Асанәлі Әшімов, Бақтығұлды Тұңғышбай Жаманқұлов аса көркем орындаған, қазақ сахнасының кезеңдік туындысы болған еді.

«Ұлпан» спектаклі әдеттегі дәстүр бойынша Көркемдік кеңеске көрсетілді. Онда кеңес мүшелері, Жазушылар одағынан, редакциялардан келген азаматтар пікірлерін білдірді. Бас қосу нәтижесінде спектакль қабылданды. Жиналған жұртшылық режиссерді, драматургты, актерлерді құттықтап жатты. Сол жерден режиссер, басты рольдердегі актерлер, Қалағаның жақсы қаламдас інісі Дидаш-Дидахмет бар - біраз адам Қалихан ағаның үйіне бардық. Жақсы бір отырыс болды. Сол жолы Қалихан ағаның атақты әсібінен алғаш рет дәм татқандар бәріміз таңдай қаққанымыз есімде.

Қалихан аға режиссерлердің ішінде режиссер Бәйтен Омаровпен ерекше жақсы қарым-қатынаста болды, екеуі бір-бірін қатты құрметтейтін. Одақта драматургия секциясының кеңесшісі болған тұста Қалихан аға өзі бастап, осы кеңес мүшелері – театртанушы-ғалымдар Бағыбек Құндақбаев, Ахмеджан Қадыров, драматургтар Мұхаметқали Хасенов, Әкім Тарази, Сұлтанәлі Балғабаев және ол кездері «Қазақ әдебиетінде» өнер бөлімінің меңгерушісі қызметіндегі мен – барлығы жеті адам, яғни едәуір салиқалы делегация болып Талдықорған облыстық драма театрына екі рет сапарлағанымыз бар. Бұл – Талдықорған театрында режиссер Бәйтен Омаров көркемдік жетекші болып тұрған кез. Ол бір әдемі де мағыналы сапарлар еді. Екі сапарда да театрдың бес-алты жаңа спектаклін көрдік, салиқалы талдау, талқылаулар жасалды. (Ол талқылауларды кезінде театр жазып алды ма екен, сөз жоқ, тарихи құнды материалдар). Театртанушылар өз тарапынан, драматургтар өз тарапынан пікір білдірген сол мәжілістерде Қалихан ағаның сөзі әманда қызғылықты шығатын. Бір қызығы – ол, айталық, кей тұстарда сөз болып отырған спектакльді де, сонда отырғандарды да «тастап кетіп», негізгі әңгімеге еш қатысы жоқ мәселелерді қаузайтындай көрінетін. Бірақ, бұл алдамшы әсер. Көңіл қойып

тыңдаған, Қалихан шешеннің ой жүлгесімен жүріп отырған адам айналып келгенде, оның негізгі әңгімеден ауытқымағанын, керісінше тақырыптың құнарын арттырғанын, тіпті көбіне нақты деректерге, анық ұғым-танымдармен көмкеріп, көркемдеп жықпылдарын ашқанын аңдар еді. Қалихан аға сөзге қосылғанда ауқым кеңейіп, терең тарихқа, биік көркемдікке қарай тартатын. Қалихан ағаның мұндай шешендігіне одан кейін сан мәрте куә болдым, қалың көпшілік куә болдық. Суреткер Қ.Ысқақтың шығармалары өз алдына, айтқан, айтар әңгімелерінің барлығы да еліміздің талайлы тағдыры мен үмітті болашағына байланысты болатын.

* * *

1991 жылы Қазақ елі тәуелсіздік алды. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз, сан ұрпақ аңсаған тәуелсіздік. Сол күннің тезірек келуіне еңбегімен, шығармашылығымен қалтқысыз қызмет еткен жазушы қауымының, Қалихан аға мен оның буынының да асыл арманы жүзеге асты. Бұл тұста, ең алдымен Қ.Ысқақтай үлкен суреткер «Ақсу – жер жәннаты» романы, кеңірек аядан алғанда, жалпы суреткерлік биік мұраттары, ұлттық руханиятымызға сіңірген үлкен еңбегі бағаланғанын, ол тәуелсіз елінің сыйлығын алғашқылардың бірі болып, 1994 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алғандығын атап айтуымыз қажет.

Мемлекеттік сыйлық демекші, М.Әуезов театрында қойылған «Ситуациялар» триптихі үшін Асекең, Асқар Сүлейменов 1996-жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Сыйлыққа ұсынылған шығармалар баспасөзде талқылануы шарт. Бұл өзі үлкен ұйымдастырушылық жұмысты қажет ететін тұтас бір науқан. Асекең пьесасы бойынша режиссер Ә.Рахимов қойған спектакльдер туралы мерзімді баспасөздің барлығында мақалалар жарық көрді. Ал, «Егемен Қазақстанға» жазуы тиіс бір автор кешеуілдете берді. Талқылау мерзімі аяқталып қалған. Басқа автор іздеп, тапсырыс беріп жатуға уақыт кем. Сонда бір түнде отырып өзім мақала жаздым. Өз атымнан берудің реті жоқ, содан әрі-бері ойланып, не де болса тәуекел деп, Қалихан ағаға телефон соқтым, жағдайды түсіндірдім. Бірақ, келісетініне іштей онша сенімді емес едім, өйткені сол жолы Қал-ағаның ең жақын деген досының да шығармасы сыйлыққа ұсынылып жатқан болатын. «Жақсы, Қара қыз» деді сонда Қал-аға бір сөзге келместен. «Өлі ырза болмай, тірі байымайды» деген, достыққа адалдық деген осы болса керек.

Сол, 1996 жылдың соңында Асқар Сүлейменов «Ситуациялар» триптихі үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды (Асекең бақилық болған суреткерлер арасында шығармашылығы Мемлекеттік тұрғыдан алғаш болып бағаланғаны белгілі.) Сол керемет қуанышты күні туған-туыс және Асекеңнің жақын дос-жарандары – Қалихан, Зейнолла, Сәтімжан, Төкен, Сейфолла, Дулат, Сатыбалды ағалар және ол кезде «Атамұра» корпорациясының төрағасы, бүгінде мемлекет және қоғам қайраткері, атпал азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед бар -

қуаныштан жүрегі жарылардай болып жүрген Айтоты-Асекеңнің анасының үлкен дастарханында бас қосып, керемет бір отырыс болды. Сол кеште Мұхтар Асекең туралы естеліктер жинағын шығарып беруге уәде берді. Арада екі жарым жыл өткенде, 1999 жылдың көктемінде «Парасат падишасы» деген атаумен жарық көріп, үлкен резонанс жасаған сол жинақта Қалихан ағаның «Аяулыңнан айырылсаң – айтарың жоқ...» атты естелігі бар.

Арада шамалы уақыт өткенде біз үшін Асекеңнің көзіндей Сәкең, Сатыбалды Нарымбетов және Асекеңнің өзі шығармашылығын қатты сыйлап өткен жақсы інісі, түркілік бастауды жаңғыртқан көрнекті мүсінші, атақты «Құлагердің» авторы – сол жолы Асекеңе деген ерекше құрметпен Әсмәға «Құлагер» қола мүсінін сыйлаған – Бақытжан Әбішев пен зайыбы, белгілі актриса, керемет әнші Шамшагүл Меңдиярова, сондай-ақ сыйлық науқанында қатты тілеулес болған, баспасөзде пікір білдірген өз дос-жарандарым, жақсы іні-сіңлілеріммен бір жақсы отырыс болған еді. Ортамыздағы гүліміз (бұл теңеу объектісіне қаншалықты лайық еместей көрінсе де) – Қалихан аға. Бір қызығы – Дәмеш апайдың Қалихан ағамен бірге қол ұстасып қонаққа, әлдебір шараларға барғанын өз басым көрмеппін. Білуімде, дәмді тамағын пісіріп, балаларын, немерелерін тәрбиелеп, керек десеңіз, Қалихан ағаның өзін де тәрбиелеп, үйде тілеуін тілеп отырар еді. «Келсеңізші» деп әбден қиылғанымда – айтқаны: «рахмет, айналайын, ренжіме, Қалихан барады ғой.»

Сол отырыстың патшасы да – Қалихан аға болды. Сөзі қандай мәйекті! Тіпті дастархандағы мәзірге байланысты әңгімесінің өзі қандай! «Қара қыз, мынау Сарысудың қазысы ма?» деп бастаған әңгімесі жылқы түлігінен бұғы мен маралға, мүйіздің, мумияның пайдасы мен дұрыс пайдаланбаған жағдайдағы зиянына, Алтайдағы Рахман бұлағына, содан, ойламаған жерден балықтар мен олардың түрлеріне, немесе шай қасықтың, шанышқының тарихына, тіпті болмаса алманы неге қыста қабығымен жеуге болмайтынына ойысады. Енді бірде әлдебір сөздің этимологиясына, одан туындайтын тарихқа ауысады. Байыптап көрген адамға, Қалихан аға қазақы энциклопедия сияқты еді. Қазір ойлап қарасам, сол отырыста әдебиеттен басқаның бәрі сөз болған сияқты. Асекең туралы да онша көп сөз болған жоқ. Қалихан аға досы туралы жастарға қарата жаңғыз айтқаны – «Асқарға сыйлық берілгені – ұлт үшін, әсіресе, жастар, сендер үшін маңызды, өйткені Асқар – ұлт пен нағыз өнердің биік деңгейі» сарындас болды. Сондай бір мәйекті отырыс. Өзім де, өзгелер де бір жан рахатын кешкендей едік.

Асекең Қалихан ағаны жақсы көретін. Қалихан аға туралы «...ол тұнып тұрған сезім, жүрек қой» дейтін. Қалихан аға шығармашылығы туралы жоғарыда аталған «Суреткер мұраты» атты мақаламды өзі сұрап алып, қарап шыққан. Сонда мына бір сөйлемді шамалы редакциялапты. Қажымұрат жалпы әйел баласына қарым-қатынасында (Зылиха, Шәмшінұр, Назым) қашанда ізгілік пен ізетті бүлінді тірліктің бұзылмас тірегіндей

көреді . Өз нұсқам қазір есімде жоқ, ал асты сызылған тіркестер – Асекеңнің редакциялағаны. Дүние саларынан бір күн бұрын ауруханада жатып маған берген үш-төрт тапсырмасының алғашқысы – «Бала, Одаққа барып, Қалиханға жолығыңыз» болды. Ол кезде Қалихан аға Одақтың кәсіподақ ұйымының төрағасы еді, біз үш бөлмелі үй күтіп отырғанбыз... Ертеңіне таңертең Одаққа бардым, Қалихан ағаның кабинеті жабық екен; ал, тап сол күні түстен ауа Қалихан ағаға қаралы хабармен телефон соғуыма тура келді... Бұл – 1992 жылдың 15 мамыры күні еді.

Асекең «кітабымның қаламақысын алған соң Қалихан мен Асанәліні ертіп Сарысуға, Қара шалға (әкем Қаһарманды мегзегені) барамыз» дейтін. Ол бір кітап баспаларының базары тарқай бастаған кез еді, сол «Бесатары» ақыры өзі дүние кешкен соң төрт жылдан кейін, 1996 жылы жарық көрді. Ал, Қалихан аға әкем Қаһарманмен Асекеңнің қазасында танысты. ...Бірер күн әңгіме-дүкен құрды, шамасы, өткен-кеткен біраз айтылған болуы керек, «Әлия, әкең мықты адам екен» деп еді.

Қалихан аға Асекеңнің қазасына байланысты шаралардың барлығының басы-қасында болды. Асекеңнің туған жеріндегі еске алу шараларына да қатысып жүрді. Жастық кезеңдерінен қызғылықты әңгімелер айтатын. «Сүлейменнің жесірінің көрпелерін көтеремін деп арқам талай жауыр болған» деп әзілдейтін. Бұған Асекеңнің анасы Айтоты да мәз. «Ақсу – жер жаннатындағы» кейіпкер Асхат Асекеңнің прототипі деуші еді. Асқар досы туралы «Келмес күндер елесі» ғұмырнамалық романында да сөз етеді.

Қалихан аға Әсмәні «Принцесса» деп атайтын. Мені көрісімен қояр сұрағы «Принцесса қалай?» Дәмеш тәтем Әсмәға деп жылда күзде үлкен банкімен Алтай балын беретін, әдемі көйлек, ойыншықтар сыйлайтын. «Асқарды Алтайға ертіп барамын деуші едім, енді Алтайға сені апарамын, Қара қыз» дейтін Қалаға. «Адамның ойындағы – Құдайдың қолында...» деген.

* * *

Тәуелсіздік кезеңінде суреткер Қ.Ысқақтың жаңа бір тынысы ашылды. Ол енді ел тарихын, туған ел, аймақ тарихын еркін, тереңнен қаузайтын болды. Бұл оның драматургиясында, әсіресе, деректі прозасында барынша көрініс тапты. Жазушы Қ.Ысқақ енді Қаратай елінің тарихын түп тереңнен қозғап, барын бардай, нарын нардай етіп күллі қазақ жұртына танытуға құлшына кірісті. Жазушы ең алдымен драма жанрын қолай көріп, 1995 жылы «Жан қимақ» драмасын, сәл кейінірек Шахимарденмен бірігіп Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы «Қазақтар» тарихи драмасын жазды. «Қазақтар» Қазақ Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театр репертуарында әлі де жүріп келеді, ал, «Жан қимақ» осы театр сахнасында бірнеше маусым бойы сәтті жүрді. Бұдан кейінгі жазбаларының, тіпті ауызша әңгімелерінің бәрінде де жазушы Әбдікерім болыстың атпал азаматтығын, елге сіңірген еңбегін; жалпы сол кезеңнің саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік ахуалдарындағы Қатынқарағай

өңірі туралы тереңнен қозғады. Көркем шығармашылығында бәлкім көркемдік шарттылықтың өз талабынан, бәлкім, уақыт қысымынан бейнелеуге, сол көркемдік шарттылықтарға, кейде тіпті эзоптық тілге сүйенсе, кейінгі кезеңде барынша кең қамтып, армансыз қозғады, ой нәрін, жан зарын төкті. Деректі проза деген шартты атауы ғана, әйтпесе нағыз көркем шығарма. Айталық, «Менің інілерім» эссе әңгімелерінде ағайындас, жерлес ғана емес, арасында Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров сынды қаламдас, рухтас інілерінің де шығармашылық-адами әлемдерін үшінші шындық аясында ғажайып сомдады. Бұл эсселер – уақыт тынысын, қоғамның бар және болмақ керек адами-имани қағидаларын алға тартады.

Ал, соңғы кезеңінің ең үлкен туындысы – «Келмес күндер елесі» ғұмырнамалық романы. Бұл туынды – қаламдас інісі Тұрысбек Сәукетай айтпақшы, тұтас бір дәуірді қалыптаған кең тынысты роман-эпопея. Жазушы, әрине, жекені айта отырып, жалпыны айтты. Қаратай елін, Қатынқарағайдың кешегісі мен бүгінгісін айта отырып қазақтың тағдырын айтты, ел қасіретін тереңнен тартып айтты. «...Қалихан XVIII-XIX ғасырлардағы Қатынқарағайын аңсап отыр деуі мүмкін. Қатынқарағайдың ол кездегі жетіскені де шамалы болатын. Әйтеуір соғыстан көз ашпай, найзаның ұшы, қылыштың жүзімен Отанын қорғаймын деп арпалысқан қаратайлықтар, мүмкін содан да ләззат тапқан шығар. Сөйтсе де әр елдің, географиялық қоғамдарының берген Ақсу деген аты бар еді (Ақсу – Жер жаннаты, аңыз болған «Страна Беловодье»), XXI ғасырда соның қасиетін ардақтап, қадірін білсек деген көкейдегі арман...» дейді суреткер бір тұста. «Келмес күндер елесі» ел тағдырын, адам тағдырын аялаған, кейінгі ұрпаққа аманаттаған көркем поэмадай қабылданады.

Жалпы Қ.Ысқақтың ұлттық руханиятқа тәуелсіздік кезеңінде де сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол бұл тұста әдебиет пен өнер үшін, ел үшін пайдасы бар деп білсе, қай іске де бар ынты-шынтысымен кірісетін еді, қажет болса, өзін өзі қара жұмысқа да жегетін. Оның көптеген әріптестерінен айырмашылығы, мүмкін, ерекшелігі, бәлкім артықшылығы – ешқашан жан аянкестігі жоқ еді, маңғазсыну оған мүлдем жат болатын. Не жұмыс жасаса да шын ниетімен, бар көңілімен кірісетін. Ал, Қалихан ағаның Алтай өңіріндегі Қатынқарағайды мемлекеттік қорық аймағына айналдыру жолындағы атпал азаматтық, жанкештілік еңбегінің өзі неге тұрады!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қалихан аға Жазушылар одағында кеңесші, кәсіподақ ұйымының төрағасы; одан кейінгі жылдарда «Парасат» журналында кеңесші, қызметкер; М.Әуезов атындағы театрда әдебиет бөлімінің меңгерушісі, «Жұлдыз» журналының проза бөлімінің меңгерушісі сынды күнделікті тындырымды еңбекті қажет ететін жұмыстары өз алдына, жеке шығармашылығын да ешқашан қағыс қалдырған емес. Оның ғажайып аудармаларының өзі неге тұрады!

Егер Қ.Ысқақ шығармашылығын толымды зерттеуге кірісер азаматтар немесе ақжолтай жастар шықса, ең алдымен, суреткердің өз шығармалары мен аудармалары, кезінде баспасөзде жарияланған мақала-материалдарын ғана емес, атқарған жұмыстарының библиографиясын ыждағаттап жасар болса, мұхитқа кезігері анық.

Үлкен суреткер ретінде әрбір құбылыстың мән-мағынасын, тереңін көретін Қалихан Ысқақ үлкен білімнің иесі болды – кез келген заттың тарихына дейін жақсы білді, қай тақырыпта сөз қозғамаңыз «ол өзі былай...» деп тамағын бір қырнап алып сөз бастайтын. Аяулы ағаның шығармалары өз алдына айтқан әңгімелері де жанға құнар беретін. Үлкен жүректі, жаны жарық Қал-аға адамды сүйген; өмір бойы Ананы, Жарды, жалпы әйел қауымын әлпештеп өткен тұлға.

«Дүнияда сағыныштан қымбат сезім жоқ-ау, сірә!» деп жазады «Келмес күндер елесі» ғұмырнамалық романында көрнекті суреткер.

Ал, сан әңгімелеріміздің бірінде аяулы Қалағаның «Өмір дегеннің бәрі әйелге деген сағыныштан басталады» дегені жадымда жатталып қалыпты...

Әлия БӨПЕЖАНОВА,
әдебиетші, сыншы.

("Жұлдыз" журналы.)

Алтайдың Қоңыр құлжасы

Мазам кетіп телефон соққам. Мазаны кетірген туған ағамдай болып кеткен Қалихан ағаның денсаулығы. Дәмеш жеңгем көтерді. Атымды айтып әуре болмаймын, даусымнан таниды. «Мен сені көргенде өрімдей жас едің» дейтіні де бар.

- Қалихан...Әу, Қалихан. Кәмел ғой... Қазір апарып берем. Ауруы қатты болып бара жатыр,- деп жеңгем тағы сыбырлайды.

- Ассалаумағалейкүм !

- Иә, қалың қалай? Бала-шаға ...Ел аман ба? Біз шоқысына шыққан Аюлы сонау...сонау жазықтарға мәңгіріп қарап тұр ма? О жалған.

- Бәрі өзіңіз көргендей.

- Қасқа сиыр бар ма? Шолақ байталды тағы біреу жымқырып кетпеді ме?

Мұның бәрін түгендеп шығу Қалекеннің әдеті. Мына Еңбекшілдегі ұры сол байталды тағы жоқ етті деп айта алмаймын. Бірер күн болса да көңілі көтеріңкі болсын.

- Қалекен-ау, бәрі де жақсы. Өзіңіздің денсаулығыңыз.

- Е, несін айтасың? Мынау аяқ жүргізбей қалды ғой. Дәрігер дегендерден пайда көрмей-ақ қойдым. Піскілеп-піскілеп, жазудың орнына жаныңды шошытады да қояды.

- Қалеке, әлгі мен айтқан ...

- Сенде жарым тәуіп болуға айна-лыпсың. Қазақтың мыныдай-мынадай емі бар дегеніңнің біразын мына Дәмеш жеңгең арқылы жасап көрдім. Қазақтың сүбелі емдерін білетін ешкім жоқ. Бізге қалғаны кәкір-шүкір ғана ғой. Кәкір-шүкір...

Қалекеңнің ауыр дем алып, тоқта-ғанын естіп тұрмын. Қалекең менен ба-қан-дай төрт жас үлкен. Ауруының түрі мынау. Сонау балдәурен жас кезінде тұл жетім қалып, Алтайда мұз жастанып, қар жамылып тірлік етіп, өлтірсе де өлмей өскен. Енді, мынау, екі аяқ тірліктен қалып барады. Тағдырдың сол қияметі сексенге жуықтағанда, қылар қайрат азайған ша-ғында буып тұр. Заман қалай қысса да, өзі айтқан, өз қаламыңнан шыққан шын-дықтан бас тартпай, ноқталауға көн-беген едің. Көзге көрінбес ауру деген жауға көнгенің бе?!

- Естіп тұрсың ба?

- Иә, Қалеке

- Үнің шықпай қалды ғой

- Мына бір телефон, - деп қара темірге жаба салдым. Тамағыма тірелген бір өксік бар. Әй, қойшы осы не? - деймін іштей. Қақырынамын.

- Ауру қонақ, қайдағыны айта бермеңіз. Сіз не? Мына қазақ әдебиетін тұл жетім қалдырайын деп пе едіңіз? Қайдағыны айтып, - деп ренжіген боламын.

- Қимастықтан айтасың ғой. Әй, сен де..., - Қалекең күліп алды. - Қасқа биенің келіп қымызын іш дегің кеп тұр ғой.

- Е, міне, жөн сөз осы.

- Уһ! Рахмет саған. Жаның таза аза--матсың. Айтпақшы сен осы менің «дұш-паның көп, сақтанып жүр» де-генімді есіңнен шығарма.

Иә, Қалекеңнің «түнде жүрме, даланы кезсең жаныңа жолдас ертіп бар», - деп талай құқайды айтып-айтып, «түбі сені бұлар өлтіріп кетеді» дегеніне биыл міне отыз екі жыл болыпты. Телефонмен тағы да ескертіп жатыр. Дауысы бәсеңдеу шықты.

- Екі аяқ қалды. Суып бара жатыр. Олай-пылай болып кетсем дұғаңнан тастама.

Сонан кейін, оншақты күн өткен. Кешінде Қайырды досым телефон шалды. Қалекең бұл дүниеден өтіп кетіпті. Теледидар дегенде суық хабарды жеткізіп бақты.

Тағдырдың бізді қосуыда қызық. Итжеккен жаққа «қажылыққа» барып қайтқаннан кейін талай жыл қолға қалам ұстамадым. Сонда да әлгі КГБ деген кісі үйіме жиі келіп, хал-жағдайымды сұрап, «жетпей жатқан ештемесі жоқ па» екен деп, бөлме-бөлмені ақтарып, қора-қопсыны тінткілеп кетеді. Маған жанашырлық сұмдық. Қалаға барсам қалың орыс «ұрып» кетпесін дей ме, «кіш» ететін жерден басқа жерде жанымда әлгі КГБ дегеніңнің бір жанашыры жүреді. Қойныңда қатының, үйде мойнына асылып еркелейтін балаларың болмаса, көңілің ит сүйреткен тулақтай

жырым-жырым. Дос дегенің талайы тыңшы, не әзәзіл. Келе жатқанынан танымын. Секемшіл көңіл соған әбден жаттыққан. Бірақ, «әй, сен сондайсың» деп айтуға тағы болмайды. Нан тауып жеп жүрген жерім орыс мектебі. Жартысынан көбі мәтүшкелердің өзі, қалғанының көбі көкжалды көргендей шошына қарайтын «оқу өткен» «көзі» қаралар. Орысшаға судаймын, қа-зақшам көнеріп барады. Жаным шырқырып, далбастап әңгіме жазуды бас-тағам. Облгизеттің талай редакторына апарып, алдына тастаймын.

- Е, әңгімені ешкім жаза бермейді. Кәне, оқып көрейік, - деп бастайды редактор. Ортасына жете, - тіп-тәуір екен. Жып-жылы қазақы леп бар, - Редактордың реңіне бір қуаныш кіргендей. Шыр-шыр етеді телефон.

- Ә, иә, иә..., - редактор орнынан көте-ріліп барып, қайта отырады. - Иә, түсінікті. Редактордың жып-жылы жүзіне әп-сәтте суық рең кірген. Менің қағазымның ар жағын тез-тез аударып тастады. - Әй, жігітім, мынауыңның бір қайнауы ішінде қапты. Сен мына еңбек адамдары, озаттар, орыс халқының өнегесі туралы неге жаз-байсың. Мынаның бір қайнары. - Редактор төрт-бес бет қағазымды кір көтергендей салмақтап-салмақтап, алдыма тастай салған.

«Бір қайнары» барды алып кете берем. «Қайнары» бардың келесі жолы да көретіні осы. Ішінде «қайнап» жатқан қопарғыш бардай шошиды. Шошытып түсіретін әлгі «жауыз» телефон, сонан соң менің бас амандығымды күзететін әлгі соңымнан еріп жүретін менің күн жауында соңымнан қалмайтын «көлеңкем». «Қой» деймін- іштей. Өстіп жүре берем бе? Ана Жазушылар Одағына барайын. Қазақтың бір мұсылман баласы табылар».

1977 жылдың жазы еді. Жанымға Ғалияны ертіп Алматыға аттанғам. Мені сол жаққа жібермеу үшін жолда жасаған бөгеттерін айту, тұттай ғып, тонап алып, екеуміздің жалғыз жиырма бес теңгемен Алматы вокзалына түскеніміз тура бір хикаят. Лагерьде КГБ-нің генералының есігін «өлтірсең міне басым» деп айқара ашып кіріп барған басым Жазушылар Одағының табалдырығын жүрегім дүрсілдеп соғып зорға аттадым. Ұлы Мұхаңның, Биағанның, Сәкен, Ілиястың рухы күтіп тұрғандай қобалжыдым. Апарған қолжазбам әркезде, оның ішінде лагерьде де жазылған өлеңдер. Лагерьде Латыштың Кнут Скуинекс деген ақын жігітімен бірге болған едім. Ол өзі саяси лагерьде отырса да, оның осында отырып жазған өлеңдері Латыштың журнал-газеттеріне шығып жататын. Ал, біздің елге келген соң көрген күніміз осы. Одақ үйінің екінші қабатына көтерілдік.

- Иә, жігітім, төрлет. – Осыны айт-қан кісіні Қадір шығар деп жобаладым.

- Мына бір орындыққа, - деп дембелше, көзі оттай жанған жігіт тағы бір орындық ұсынды.

- Мына бір өлеңдер жинағы.

- Ә, өлең болса маған бер, - деп қолын созған Қадір. - Тастап кет. Ертең соғарсың, мен сөзін аяқтады.

Олжас екінші хатшы екен. Кнут Скуи-нектің есімін алға тартып, оның да есігін аштым. Қолжазбаның бір данасы оның да үстелінің үстінде қалды. Ертеңіне тап сол уақытта тағы да Одақтың табалдырығын аттағам. Кешегідей емес төрдегі екеу де жылы лебізбен қарсы алған.

- Мына бір өлеңің қалай өзі,-деп Қадір «Қымыз» атты өлеңнің бір шумағын оқыды да бетіме қарады. Менде үн жоқ. - Бөлекше дүние. Бір астар жатыр мұнда.Ә, қалай... - деп Қадір қайта-қайта бетіме қараған.

- Астарында бүлікшінің үні ие, аңсау бар ма, - деп түйді екінші жігіт. - Жазылу себебі қалай өзі.

- Қадеке, орыстың ормандарын еріксіз аралап келген жағдайым бар еді,-дедім еріксіз.

- Ә, жігітім, мұңайма. Сол ормандарды бабаларың басқаша аралаған, - деп Қадір қатулана тіл қатты.

Қадірдің сұңғылалығына таң қалып үлгермедім, қасындағы жігіт

- Ә, бәсе, тап сол тауқыметті басынан кешкен азамат-ау деп отыр едім,- деген.

- Қалихан, осыны сен кеше айтып едің, тап үстінен түсіпсің.

Қалихан... Япыр-ау, мынау Қалихан Ысқақов болғаны ма. Оның «Қоңыр күз еді» хикаятын әлде түрмеде, әлде елде оқығанмын. Жазуы мен оқыған қазақ жазушыларынан таза бөлек. Шындықтың бетін сыпырып ашып жазып келеді де, бүркемелеген жерінен сол шындық өзі келіп санаңа құйылып жатады.

- Кәмел, менен кіші шығарсың. Сібіріңді сағынып жүрмесең, енді өлеңді тоқтат. Өлеңге ойыңды да бойыңда сыймайды екен. Прозаға көш. Прозада подтекст деген бар. Өлеңге симаған ойыңды сонда астарлап жеткізесің. Солай ма Қадеке, - деп Қалихан бір-ақ кесіп, қайырды.

- Ақынға өлең жазба деп қалай айтам. Тағы өлең жаз, тағы Сібірге кет, сонда шірі деген болып шығады-деп күрсінді Қадір.

Жастық шақта, оның үстіне ерекше ұнаған әңгіме-хикаяттар есте жақсы сақталушы еді. «Қоңыр күздегі» жетім қыз Алтынның, мұрнынан аққан суды саусағының сыртымен оңды-солды сүр-те-тін Жарықжұлдыздың, күбі қарын, орындығына сыймаған маймұрын дирек-тордың бейнесі көз алдыма келген.

Бұтындағы естекке бояған көн шалбарлы бала тап өзі болар.Көншалбарлы балаға Алтын қамқоршыдай. Алтынның әні. Ол салған «Бір бала» әні қоңыржай самалдай есіп, ауылдың үстін тербетіп тұрғандай дегені, ақыры сол Алтынның белгісіз тағдыры бәрі көкіректе. «Қоңыр күз едіні» сол жерде авторына қайталап беріп жатқанмын.

- Бәрекелді, - дейді Қадір.

- Әй, жігітім, тоқтай тұр, - дейді Қа-лихан.

- Қалеке, енді жасыратын не бар, сіздің Алматый ұстазыңыз «Шұғанын белгісін» қиын заманда жасырып оқытты емес пе. Анау итжеккен жақта жүргенде... Иә, тағдырдың сол бір шағында Достоевскийдің «Бесы» деген шығармасын оқыған едім. Оқыдым деу-дің өзі қисынға толық келмейді. Бір лагерьдегі екі жарым мың адамның бәрі саяси қылмыскер. Көбінің өзімен бірге арқалап жүрген кітаптары бар. Сыртында көсемдердің атақты кітаптарының атауы, не Маяковский, Фадеевтың кітаптары. Тап ортасындағы бірер тарауларының орнына тек саясиларға керекті кітаптың бірер тарауы жүреді. Бір ғана «Бесы» талай тарауға бөлініп, талай адамның әр кітабының ортасына салынған. Тінтуден кенде емеспіз. Тұтай жалаңаш шешіндіріп, бақайының басына, тоңқайтып басқана да қарайды. Сонда да... Иә, сонда менің кітап құмарлығым көзге түссе керек. «Мынаны оқып көр» деп М.Горькийдің кітабының ортасына салынған «Бесы» ды нұсқаған.

- Ә, жарар, мен ауылда сен Сібірде ондай емтиханнан өткен екенбіз. Сен прозаға бір жолата көш ұқтың ба? Әңгіме жазып көріп пе ең?

- Аздап бар еді.

Келер жылдың жазы да жетті. Нан тауып жүрген жерім орыс мектебі. Ертеңгі сегіз бен кешкі сегіз арасында орысша тіл қатамыз. Үзілісте бірер бала қазақшаласа әлгі директор мен өзіміздің «көзі» қаралардың менен көретіні тағы бар. Сөйтіп жүріп, бұрынғым бар, қыстай жазғаным бар, бәрін қосып, Алматыға жеттім. «Жинақ» деп әкелгенім Қалекеңнің қолында. Соның талқысынан өтсем, онда бірденеге жарағаным.

- Дачаға барамыз.

- Онда..., деп күмілжідім.

- Сонда оңаша отырып, жазғаныңды қа-рап шықпасам, бұл жерде іс бітпейді.

Дачаға Дәмеш жеңгеміз қоса жүрген. Бізге шәй-пүй қайнатып әлек. Ара-арасында « Қалихан әнебір жемісті алып берші» деп мазалайды. Бір жолы сол жемісін алып беруге биік ағашқа мен шығып едім, түсерде көйлегім бұтқаққа ілініп, салбырадым да қалдым. Жеңгем өмір бойы соны айтып, күліп жүрді.

Қалекеңнің қолында қызыл қалам. Бетіме де қарамайды. Кей жерін сойдақтата сызып отыр. Қайта оқып, қайта үңіледі. Басын шайқай береді. Басын шайқаған сайын дегбірім кетеді.

- Сен орысша ойлап, қазақша жазады екенсің, - деді бір кезде. Тура перевод жасап отырғандайсың.

- Бірақ, сол аудармаға төселмегенің де көрініп тұр.

- Өзі іс шықпаса арам тер боп...

- Сен Сібірге қыдырып барып келіп ең? - Үні үкім оқығандай қатал шықты.

- Жоға – депшін сасқанымнан.

- Ол жаққа барғандардың сөзінде ұлтым деген үн жатады. Сенде сол үн асып-төгіліп жатыр.

- Тек менің ескертпелерімді жадында мықтап ұста.
- Қалихан-ау, мынауың не? Кәмел-дің жазғандарын қызыл сиямен шатпақтап тастапсың, - деп Дәмеш жең-гей өзінше ара түсіп жатыр.
- Әй, сен қоя тұршы. Әрі...Әрі жүр. Шайыңды қамда.
- Осы жұрт сенің қаламыңнан шошиды дегенім ғой.
- Бұ жігітті ештеңемен шошыта алмайсың. Үркіп кеткендер әдебиеттен аулақ жүретін адамдар. Ондайларға әдебиетті қор қылуға болмайды. Менің ұстанғаным осы.

- Солай деші, - деп Дәмеш жеңгем әлі берісер емес.
- Тап солай. Бұл жігітте рух бар. Күні бұрын мақтап дандайсытпайын, бірақ, қаламынан әлі-ақ елге қажет туындылар туатынына сеніп отырмын.

- Бірер әңгімені «Қазақ әдебиеті» мен Радиоға бердік. Радиодағылар «біз эфирміз ғой, мына жігіттің өмір жолы қиындау екен» деп бас тартты. «Қазақ әдебиеті» үнсіз қалған. Күні бүгін үнсіз. «Жұлдызға», «Апақтың құласын аңызға бергісіз, тамаша әңгіме» деп өзі апарып тапсырды. 1979 жылдың көк-темі еді. Жер лайсаң. Қалекен телефон соқты. «Әй, бауырым, әлгі сенің құла тұлпарың иен даланы аңызға бөлеп, дүркірете шауып барады» деді. Ертеңіне ауылдың бір топ жігіті «Апақтың құласына мінгесіп келеміз» деп журналды ұстап үйге де келген.

Сең бұзылды. «Апақтың құласы» теріскейдің ызғарынан талайдың көңі-ліне мұздай боп қатқан тонды жарған мұзжарғыштай болды. «Советтік Қара-ған-ды», «Жезқазған туы» жалтақтай-жалтақтай кей шығармаларымды жариялай бастады. «Күйші» деген әңгімемнің соңынан Жезқазғаннан Апбаз Қаражігітов ілесе келіп, «көрінбей қайда жүрген адамсың» дегенді айтты. Сол жолы Қалихан пікір жазып, Жазушылар Одағы «басылсын» деп тұжырым жасаған «Дос көңілі» атты жинағым қозғаусыз жатты. Сыншы Төлеген Тоқбергенов кітапқа қосымша тағы пікір жазды. «Дос көңілі» ілгері жылжыр емес. Баспаның проза бөліміне ие Дулат Исабеков қарап шы-ғып, басуға деп қол қойған сәтінде басқа жұмысына ауысуына байланыс-ты, кітап тағы жылжымай қалды. Мың шақырымнан сабылып мен барамын, Қалекен қоса жүреді.

- Әй, кітабыңда қандай кінарат бар? Кітабыңда саяси қылмыс жоқ шығар. Не себеп? - деп сан ренжісті. Бірақ, бәрі үнсіз. Бір үнсіз күш дуалап тастағандай, қағазға үңіліп мелшиген жандар. Жігерің құм болады. «Жасыма- дейді Қалихан.

- Сеңді бір бұздық қой, тағы бұзылады. Тағдырың неткен ауыр еді. Түкке керегі жоқ, талай боркемік жазбалар шығып жатыр ғой».

1982 жылы «Дос көңілі» жарық көрді. Бергенім 13 баспа табақ еді. Жарияланғаны 3 баспа табақ. Бас-падағы қатардағы қызметкерлер «бәрі-міз қолдан-қолғы оқып шығып едік. Жерден пішіп алғандай тамаша әңгі-мелер еді. Бәрін неге жібермеген. Тырнақ астынан кір, қылмыс іздейміз». - деп ренжісті. Менің тағдырымнан хабарсыз олар қылмыстың кітапта емес, оның иесінің басында болғанын қайдан білсін.

- А, жарайды, - деп басын шайқаған Қалекең, - сволыштар, - деп түйіндеді. Жүзі әуелі сұп-сұр реңге бөленіп, іле күреңітіп кетті де, шықшыты сықырлады. Қай реніші болса да басымнан өткізе білуге үйренген мен.

- Қалеке, жүріңіз, ең болмаса дәм татып шығайық, - деп қолтығынан сүйредім.

- Соның қажеті қанша? - деп тартынды.

- Дәтке қуат деген бар емес пе.

- Атау керінді ішкізгендей жасайды бұлар. Сонша жұлмалайтындай... Жүр ғой ана орыстың да, латыш, грузиннің де Сібірдің дәмін татқан талайы. Жазғандары басылып та жатыр, шыға да береді. Сен ең болмаса баспаға барып кітабыңа ілінбей қалған әңгімелеріңді жинап алшы.

Баспаға бардым. Кітабыма соңғы редактор болған жігітті таппадым. Әркімге кіріп, қалған жазбаларымды сұрастырғам. Таппадым. Бәрі көрген, енді ешкім біл-мейді. Әйтеуір бір дерек, осындағы қыз-мет-керлердің қолында жеке-жеке әңгі-мелердің жүргендігі.

- Таппайтыныңды білгем, - деп асық-пай темекісін сорды Қалекең. - Талайды су түбіне жіберіп үйренген бұлар. Жасыт-қан, жуасытқан, ақыры айдағанына көнетін еткен.

Қалекеңнің қатарластарының адам-ның шымбайына бататын өткір қалжы-ның көтере білетінін де, сабадан асып бара жатқан сөзді бір ауыз леппен тоқтата алатынына да куәміз. Тегі кім де болса оны бағдарлай сөйлейтін. Асқар Сүлейменов екеуі жан аямас дос еді. Мен бүкіл шәкірттерін ГПУ атып тастаған Қыздарбек күйші мен оның ізбасарларын жасырын зерттеп, отызға жуық күйлерді (оның ішінде Абылайханның «Дүние ғапыл», «Қайран елім» күйлері бар) магнитофонға жазып, Алматыға тағы жеткем.

- Мыналарды енді не істейміз? - деді Қалихан Асқарға.

- Сен де қоймайды екенсің, басыңа пәле тілеп, осы үшін де сен тағы Сібір-ге жібере салады олар, - деп Асқар көңіліндегісін төге салса да, радионың музыкалық редакциясына телефон соқты. Сірә, ол жақ жылы рай білдірмесе керек, Асекең «шенеуніктерің ұстап отыр ғой, галстуктеріне буынып қал-маңдар. Тап сендерге қазақтың керегі жоқ» - деп телефонды тастай салған. Екеуі мені консерваторияға жіберген. «Солар жазып алар» десті. Сондағы Тымат Мейірғалиев Әбдидің «Зар-тәубесін» естіп боздап жылап «Япыр-ай, адамның шер қайғысын екі шекпен осынша жүрекке құйған не керемет» - деді. Сондағы бастық пен бастық сымақ екі қатын біріне-бірі сілтеп, ақыры мені қуып шықты.

Сөйтіп жүргенде бізге Ақселеу қо-сылған. Осы күйлерді радиодан бергізу үшін үш жыл айтысып-тартыстық. Радио-дағылар Абылайханның есімін естігенде үріккен киіктей шоршып, асаудай тулайтын. Ақыры Ілия Жақанов бізге қосылып, 40 минутқа жететіндей программамен Қыздарбек күйлері туралы үлкен радиобағар жүргізген едік. Бізбен бірге саяси

лагерьдің тауқыметін тартқан Махмет Құлағанбетұлы ретін тауып, шетел асып, «Азаттық» радосында жұмыс істей бастады. Махмет біз туралы «ЕСЕП» партиясы туралы үзбей хабар жүргізе бастаған. Бұл хабардың соңы біз үшін аса қиынға соқты.

1982 жылдың мамыр айының 24 күні біздің шаңырақта тағы бір оқыс оқиға болды. Бір жаққа жүрмек болып жаттым да, жолдан қалып қойдым. Сол күні үйдегі балаларымды дәрімен талдырып тастап, жан алғыш үш әріптің адамдары үйге тінту жасады. Дәрменсіздіктен буынып өлуге шақ қалдым. Бұрын үрке қарайтын жұрт енді, тіпті, безініп кеткендей. Талайлар тілдесуден қалды. Ішке жиналған ашу мен ызаны айтар жан таппағандай едім. Салып отырып Алматыға жеткем. Болған уақиғаны естігенде Қалекен басын ұстап, төмен қарап күрсініп, әлден уақытта

- Сен енді төзе біл. Саған жұбаныш айтпаймын, қайта қатер басына төне түсерін ескертемін. Бұлар сені өлтіруге бет алған екен. Сақ бол. Түн баласы есік алдына шықпа. Сонан соң айтарым, бұл әңгімені енді ешкімге айтпа, айтсаң ажалыңды жақындатасың.

- Ана Солженицинді Ресей шет елге апарып тастады. Ең болмаса сеніде сондай бір жаққа қуып тастамайды-ау. - Қалекен шарасыздықтан алақанын жайған.

- Қалекен мен оған көнбес едім. Ар-қаның саумалдай ауасын жұтпай мен бір күн өмір сүре алмаймын.

- Біздің ұтылып жүргенімізде осы ғой. Кешегі Алаш көсемдері Ақандар, Әлекендер, Міржақыптар елді қимаймыз деп ажал құшты. Солар шет елде жүрсе қазақтың орысқа айбары болар еді-ау. Алашты қырды, қазақ панасыз қалды.

Дәмеш жеңгемнің қолынан шәй бергізді де

- Жүр кәне! - деп пойызға мінгізіп, - бұл арадан да тез табаныңды жалтырат,-деп шығарып салды. Бұл уақиғалар Қали-ханның «Келмес күндер елесі» деген естелік кітабында біршама орын алған.

Ол кезде халық жауының қамытын киген кімге болса да тағдырдың тарттырар азабы аз емес еді. Дүние шырқ айналып, ұршықша үйіріліп, ашық күнде құйын көтеріліп, шаң-тозаңның ортасында қала бересің. Көпшілік оны сезбейді, сезетіндер бірен-саран ғана. Оның өзінде өзі сол құйынның бір шетіне тап келсе ғана. Соған байқаусызда тап болған Мәшен еді. Кеншоқы совхозында тұратын Мәшеннің қосымша аты Мәшен шолақ. Қызыл шырайлы ақ сары жігіт. Жезқазғаннан қайтқан. Қыс айы. Пойыз ол қаладан кешкі жетіден аса шығады. Купенің екінші қабатынан орын алғанда жатып қал-ған. Бір ұйықтап оянып, астынғы орындағы екеудің сөзіне құлақ түріпті. Бір шөлмек коньякты тауысып, екеуі екіншісін бастапты.

- Майор шенін алдым, - дейді бірі. - Біздің КГБ-да тәртіп қатал ғой. Сұрып-таудың сан сатысынан өтіп, партияға адал қызмет еткенімді өмір жолымда дәлелдеп келемін.

- Ә, дұрыс екен. Құтты болсын шеніңіз.

- Жау ниеттілер қазір көбейіп кетті ғой. Отыз жетідегідей бір ойранды салып берсе, тиылар еді.

- Ондайлардың барын біз де көріп жүрміз.

-Е, айтқандай, әлгі Кәмел Жүнісов дегенді өздеріңе тапсырғанмыз. Жазған-сызғанын қатты бақылау керек. Оның жазғанын халыққа жеткізудің еш қажеті жоқ. «Жұлдызда» өзің жүрсің. Баспандар жазғанын. Тіпті, жоғалтып жіберіндер.

- Осы айтқаныңыз мүлтіксіз орындалып жатыр. Өзі де бірақ көнбейді.

- Көнбей не қылады?

- Сүйретіп бағармыз.

- Әй, осы мына үстіңгі полкада жатқан кім өзі? Сөзімізді естіп,- деп КГБист шоши тіл қатқан.

- Сап-сары біреу. Сірә, орыс қой деймін. Келе қисайған сонан ұйқыда,- деген. «Жұлдызда» істейтін әлгі пенде.

Мәшен мыналардың сөзінен жаны, шошып қорылын үдете түсіп, таңғы бесте сыбдырын білдірмей киініп, Жа-рық станциясына тоқтаған пойыздан тұра қашқандай болған екен. Сібірдегі «соцлагерьдің» тамақ бермей, қит етсең жазалап жататын «қайта түзету» тәрбиесін бірге көрген жолдасым Зейнолла Мәшенге туыс еді. Бұл әңгіме оншақты күннен кейін біздің де құлағымызға жетті.

Бейғам жұрттың күндіз тынышын, түнде ұйқысын қашырған бейуақтағы сұрғылт бейнедей сұр шенелділердің ызғары болар. «Жұлдызда» үш жыл тапжылмай жатқан «Қоңыр құлжа» атты хикаятым жоғалып тынды. Қол жазбам жоқ. Сонан соң есіме белгісіз, аты бұрын естілмеген, күні бүгінге дейін қайтіп естімеген біреудің фамилиясымен «Соңғы табын» деген атаумен өзінше күзетіліп-түзетіліп, бояуын өзгерткенсіп «Жұлдызда» жарық көрді. «Ал, халық жауы-халық досы маған не қыласың? Қылып ал!» деп найзасын шошандатып біреулер тұр. «Қоңыр құлжаны» елде, жолдастар арасында әлденеше мәрте оқығанмын. Әуелі дауыл көтерген солар. Барын салып, дәлелдеп, әлденеше бет қағаз толтырып, мені Алматыға аттандырған.

Тағыда Қалиханды таптым. Сібір-дің ызғарынан сақтап, прозаға сүйреп әкелген еді, енді, міне, «мынадай өмір прозасын көр» дегендей жағдай еді. «Бұл не сұмдық» дестік. Бізге Софы қосылды ол поэзия бөлімінде еді. Прозадағы Оралхан демалыс алып, Алтай асып кетіпті. Өнебір аяғының сылтымасы бар жігіт, бір көрінді де таптырмады. Ел азаматтары қол қойған арызға қол қойысты. «Жұл-дыздың» басшысы Бекежан Тілегенов «қатынасым жоқ» деп басын арашалады. Даудың үстінен Ілияс Есенберлин ағамыз тап келген. Білгісі келген рай танытты. Қалихан бастап, мен қоштап, хикаяттың жағдайын айтып жатырмыз. Бұл шақ, Ілекеңнің басына да дау өршіп, әбден мазасын алаған тұс. Ол кісіге де көреалмастың қызыл қамшысы үйіріліп баққан.

-Ммм, - деді Ілекең. –Солай деңдер.Солай... солай тілімді алсаңдар осы дауды қойыңдар. Мына Кәмелдің тайга аралап қайтқаны да бір басына жетерлік екен. Бұл жігіттің басына қосымша дау бұлтын үйіріп не қажет. Олар ұйымдасқан көпшілік. Аш бөрі-дей талайды мұны. Арашалап та ала алмайсың. Ендігі дұрысы, хикаяттың бір кітабына енгізіп, шығару ғана.

Үлкеннің сөзіне тоқтаған жұртпыз. Ілекеңнің айтқанының бәрі дұрыс. Қалекен «енді не істейміз» дегендей көзінің астымен бетіме қарады. Көн-геннің нышанын білдіріп, басымды изедім. Жеңбесімді білемін, жеңгізбесіне көз баяғыда жеткен. Анау Мәскеуде шира-тылатын қылбұрау Алматыдан өтіп, бір түкпірдегі Шет ауданына жету әп-сәттің жұмысы. Мәскеуде күн күркіресе, Алматыға жай түседі десетін. Ал, мұндайда аудан-ауылды топан-су басатыны белгілі.

«Жұлдыз» журналына «Көксеу» атты жаңа хикаятымды тастап елге қайт-тым. Тағы да жылдан аса уақыт өтті. «Жұлдыз» үнсіз. Жүрек күпті. Одақтың бірін-ші хатшысы Олжас Сүлейменов еді. «Қоңыр құлжаның» тарихын айтып, «Көксеудің» де жамбасы шіруге айналғанын жеткіздім.

- Сонымен бір повесің қолды болды ма? Вот сволочи, - деп Олжас ашудан булығып, біраз қатты сөз айтып барып тоқтаған. Ғафу Қайырбековті шақырды. Ғафаң «Жұлдызда» редактордың орынбасары. «Көксеу» хикаятын оқып шығып, пікірін Олжасқа жазбаша жеткізуге тиісті болған. Ғафаң бірінші оқып шығуды Қалихан Ысқақұлына жүктеген. Қалекеннің тілді үйіріп, ойды қозғаған рецензиясына таңқалған (Қалекеннің асты-үстін сызбаған шығармасы осы шығар) Ғафаң өзі қайта оқып, «хикаят міндетті түрде жариялануы керек» деген тұжырым ұсынған. Енді «Жұлдыз» бас редакторы Бекежан ренжіді.

- Олжасқа неменеге бардыңдар. Онсызда жариялайтын едік қой.

- Бәке, бір хикаят тірідей жоғалды. Екіншісін де біреу еншілегенше отыра алмадық.

- Осы Қалихан да тыныш жүрмейді, - деп Бекежан Қалекеннің сыртынан зіл тастады.

Қаламыңа жармасқан, аяқтан шалған, мүлт кеткенінді аңдыған заманда бір туыңдымның жарық көруі зор қуаныш. «Көксеу» жарияланған «Жұлдызды» қол-тыққа қыстырып, тағы Алматыға жеткем. Жазушылар Одағының ғимаратының екінші қабатында Қалихан, Қадір отыратын кабинет бар.

- Ассалау..,-деп ұзағынан сәлем беріп кіріп барсам, ішінде Сыр-ағаң атақты Сырбай Мәуленов, Ақселеу, Қалихан үшеуі отыр. Сыр-ағаңмен таныстығым бар. Нармамбет ақынның:

Сары Арқа сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда,
Найзағай шатыр-шұтыр нөсерлетіп,

Көтерген кемпір-қосақ туың қайда,- деп бастайтын өлеңін осы Одақ ішінде маған айтқызып, «шіркін, кәзіргі ақындар осылай неге жазбайды» деп тамсанған да, мұнайған да еді.

- Әй, жігітім, - деді Сыр-ағаң. - Сен Қыздарбектің күйлерін радиодан ақыры бергізгеніңді естіп жатырмын. «Көксеуің» де жарық көрген екен. Құт-берекесін берсін. Сені олар жариялауға тиіс емес еді. Сенің өлермен еңбегің жеңді. Олар жеңіліп барып, саған жол берді.

Деседе, «Көксеудің» жеке кітап болып шығуы жеті жылға созылды. Оған жеті рет редактор, жеті рет жасырын рецензент тағайындалып, барлығының бағасы оң болса да, «жоғарғының» рұқсаты жоқ. Ақыры кітапті «Өнер» баспасына ауыстырды. Баспаға бастық болып келген Сұлтан Оразалиновқа жеке кіріп, өзімнің кім екенімді айтқанда да Сұлтекең «сол алпысыншы жылдардағы студенттердің жасырын қозғалысының мен де бір мүшесі едім, басында болған сен екенсің ғой» деп кітапты жеделтете шығарған.

«Көксеудің» осынша бейнет көруі-ол бүкіл ізбасарлары оққа байланған Қыздарбек күйші мен шәкірттері туралы хикаят. Қашқын туралы жазылған «Көксеңгірдің тасында» атты хикаятты да «Жұлдызға» жолдадық. Қалекен оқып шықты, ұнатты.

- Япыр-ай, сен де жалықпайсың, бетің де қайтпайды. Сіресіп, ұстасып жүрсің көрінбес құбыжықпен. Қалай болар екен,-деп түйген.

«Қашқын-пысқынның керегі қанша, Совет адамының ерен еңбегі туралы неге жазбасқа» - деп қорытындылаған А. Мекебаевтың жауап-хатын алып, «Жұлдызға» редакторлыққа келе қалған Мұхтар Мағауинге бара қалдық. Хикаят толық болмаса да журнал бетін көрді. КСРО құлаған шақтан бері «Құба белдер» трилогиясы, Шортанбай жырау туралы жазылған «Соңғы Абыз» романым, «Көксеңгірдің тасында», «Мөрші», «Қоңыр құлжа» кітаптарым жарық көргенде Қалекен менен бұрын қуанып, телефон соғушы еді.

2002 жылы Үт айының соңында Қалекен тағы телефонмен хабарласты. Бабасы Қаратай батырдың жерленген жері туралы мәселе көтерді. Қаратай батырдың мәңгілік орны Тайатқан-Шұнақта екенін кезінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы айтып кеткен. Біздің де аздап хабарымыз бар. 1991 жылы Акселеудің жөн сілтеуімен Қаратай батыр мазарын іздеп Оралхан Бөкеев те келіп, Ағадырлық қаламгерлерге риза болмай кеткені бар. Оралхан ол жолы бізбен хабарласпаған еді. Енді міне, Қалихан Ысқақұлының соңынан Әлібек Асқаров телефон шалды. Қалекеннің сөзі қысқа. «Жер-көкті тінтілеп жүретін сен Қаратайды білесің. Апарда бізге көрсет».

Иә, онысы рас. Қайда барсам да көрінген төбенің, сарқыраған бұлақ-тың, баяу жылжыған өзеннің, жалғыз жарым тұрған күмбездің атауын сұрай беретінім бар. Сібір сапарынан қайтқаннан кейін жаныма атақты күйші Дәулетбек Сәдуақасұлын ер-тіп, Ағыбай мазарын көруге жол-ға

шықтық. Ұзынжал деген жерде отырған жыршы Қасеннің үйіне соғып, ол кісіні де ертіп алғанбыз. Қалмақ қырған тауының жанындағы аласа төбешіктің үстіндегі жалғыз мазарды көзім шалып, Қасен жыршыдан сұрастырдым. Жыршы осы маңның тумасы, өте шешен, шежіреші, жол бойы кезіккен өзен-жыра, жеке шоқылар туралы төгіліп әңгіме айтудан бір жалыққан емес.

- Ә, бұл бұл жақтың адамы емес. Анау Алтай, Зайсан жағынан. Осы Қалмақ қырғандағы соғыста қаза болған. Есімі Қаратай болуы керек,-деп түйген Қасен жыршы.

Мұнан кейін тап осы әңгімені Қыздарбек күйші туралы материал жинап жүргенімде Мойынтыда тұратын, тоқсан жасқа келген белгілі ақын Қазидан естігенмін. Иә, бірақ, «мен білем деп шыға келу қиын». Көрінгенге жармасып, дау іздеп, жүргендерден еріксіз сақтанасың. Бұл күнде Қазидан да, Қасен жыршы да жоқ. Оның үстіне ата бабасын енді ғана іздей бастаған кейбіреулер мысықтың көзін жаңа ашқан соқыр баласындай кез келген мазарға жармасып жатқан уақиға етек алған. Қыс бойы Қаратайдың Қараталы атты өзен бойындағы мазарлар туралы деректер жинатып, жаз шыға сол маңға арнайы шығып, деректерге үнілдік. Сол маңда туып өскен, бір ауданның ГАИ мекемесін басқарған, зейнетке шығып имамдық еткен Мағжан молланы, сол өзеннің бойында күні бүгін малын өрістетіп отырған Дулат Қожамберлинді ертіп, бар мазарларды аралап, тағы көз жеткіздік. Поссовет төрағасы, мектеп директоры, журналистік қызмет атқарған Мұрат Көккөзұлы 1960 жылы ел қарияларымен бірге барып анықтаған өзен бойындағы көне мазарлардың картасын әкеп берді. Картада Қаратай батыр мазары анық көрсетілген.

Міне, осындай тиянақты шаралардан соң ғана Қалихан, Әлібектермен хабарласқанмын. Астанада Әлібек Асқаров, Қайырды Назырбаев, Алматыдан Дидахмет Әшімханов, Алтайдан Шаймардан Оразаев бастаған жиырмадан астам адам Шеттегі біздің үйге жеткен еді. Осыншама жұртты Мойынты, Босаға ауылдарының әкімдері, ел жақсылары да қарсы ала білді. Сөйтіп, 2002 жылдың жаз айында Қаратай батырдың әбден ескірген көне күмбезінің басына көктас та қойылды. Әрине, күңкілдеуден әлі де кенде емеспіз. Нақты айтары болмаса да «ол емес еді» дейтіндер бықсытып қалып отырады.

Қалекеннің жетпіс жасқа толған мерейтойына Қарағанды аумағынан сонау Алтайға мен бардым. Еліне сыйлы, халқына қадірлі азамат екенін Қотан Қарағайлық азаматтар көрсете алды. Алматы, Астанада ағылған жазушының, сан газеттің журналистерін ел тік тұрып қарсы алып, өнер мен спорттың сан алуан түрін көрсетіп, Қалихан Ысқақұлының осы елдің азаматы екенін танытып, онымен Алтай елі мақтана алатынына баршамыздың көзімізді жеткізген. Иә, мінбеден ризашылыққа толы шексіз лебіздер білдірілген. Ал, мен оны классик жазушы, заманының сөз өнерін шыңына жеткізіп шындай білген ұлы қаламгері екенін айтқан едім.

Иә, Қалихан Ысқақұлы кейбіреулер секілді жылына төлдетіп, ащылы-тұщылы, иі әлі толық қанбаған бір кітапшасын ұсынып жататындардың қатарында емес. Талайдың сондай шикілеу, жалған мақ-танға құралған, саясатты төңіректеген дүмбілез шығармалары өзімен бірге өлді, өле де береді. Қалекеннің сонау «Қоңыр күз еді» хикаятынан басталған, тамсандырған шығармалары «Ақсу-жер жанаты» болып, «Келмес күндер елесімен» аяқталып жатса да ел іздегенін табатын, қазақтың сөз өнерімен сусындағысы келетін әр азаматтың ізденіп жүріп оқитын мәңгі өлмес туындылар. «Ақсу-жер жанаты» Қазақ әдебиетіне ерекше үлес қосқан, айқын із қалдырған айтулы шығарма. Тағ-дырдың айдауымен Алтайға жиналған буданы бар, шикі қазағы, пісі қазағы бар әр адамның өз бейнесі өзіндік кейпімен ғана орын тепкен. Алтайдың сұлу көркін сақтасам деген Сифатты, ұзын ақша үшін әйтеуір план орындаудан басқаны мақсат етпеген Әбдіжаппарды, қазақы қалыпты аңсаған Шерубай, Бекетті, бір қақпайы бар Бескемпірді, Қотиын мен Мешелді, «Осының баласын табудан қолым босамады, өзін ЛТП-ға өткізіп, отпуск алмасам» дейтін жиен келінді, Усойқы атанған егер Асхат-Аскенді, қатын арақ ішеді, бала сүндетсіз, сиырдың бұтына отыратын ұрғашы жоқ, бүгінгінің сиыры өгіз болды деп уайым шегетін Жанжігіт шалды осы заманның жүгін арқалар бейнелер ретінде санасын билеген оқырман разы.

Кітап «Наурыз туысымен белгі беретін Алтай жылымығы... қысқы жолдың күнқағар езуін науалап тастағанмен, қар әлі семіздің сүбесіндей» - деп басталады. Осындағы жолдың «күнқағар езуі», «семіздің сүбесіндей» қар, қайталауы жоқ суреттер еріксіз тамсандырады. «Жар басындағы қаздай тізілген ағаш үйлердің шақырайған шамдары ғана жылтырайды. Шақырайған көп шамдар оққа байлап тастаған көп жылқының шатынаған көзіндей... шыңғырысып шаба жөнелетіндей Бекет-тің тұла бойы түршікті» дейтін тірі сурет отызыншы жылдардың адамға ғана емес қазақтың малына жасалған сұмдығын бір-ақ лекпен жеткізді. «Ошақтағы әйел жұрты түгелдей қабырғаға шығып алыпты, екі баланың ортасындағы ерінін бояған орыс келіншек пен кимешегі қарқарадай қызыл кемпір үш еркекке төбеден телміріп отыр». Үш еркекке телмірген әйелдердің бұл дүниеден өтіп кеткенін осылайша беру тек Қалихан Ысқақұлына тән шеберлік десек артық айтқан болмас. Мынау кісілігі арзан тірліктен аспайтын Қотиынның суреті: «Төбесіндегі ежіктеп қырыққан есіріктеу қалың шаштың әр қылшығы тебеңдей... қатпар-қатпар маңдайдың шалғайындағы жымырық құлақ, кеңсіріксіз танау, еліге толмайтын иек пен жиексіз езуді тұншықтырып тастапты». Дорба-дорба ақшаны не үшін жинап жүргенін білмейтін парықсыз Мешел «Бір тұтам үрген тұлыптай бәкене жігіт... Мойнына асылайын деп еді, қолы жетпеді, құшақтайын деп еді қарыны тіреп жібермеді... қатқан нанның қоқымын арпадай асап, қара шайды қалжадай сілтеп, бора-бора тер жапқан бетін саусағымен сыпырып тастап отыр».

Алтайдың бар тіршілігінің жанашыры Усойқы атанған егер Асхат-Асекеңнің бейнесі мен уайымы кеше бар, бүгін сөнуге айналған шымыр тілді қазақтың кейпі. «Бет-ауыздың қай қатпарында мысқыл, қай жапсарында күлкі жатқанын албастының өзі болмаса адам баласының аңғара қоюы қиын». Мұрнынан басқасын сақал басқан Асекең бұланды атып қолға түскен Ситан-свольшын айдатып жіберсе «сегіз баланың обалы»... сол балалары үшін жиған малдың иесіз кетуі қолын байлап «Ситекеңнің жоқшысы сендер ме, жоқ әлде мен бе», деп шырт ұйқыдан шошып оянады. Ақыры Ситанға айып-пұлын төлетіп, «жоғал» деген сөзді Усойқы сары кездікті тапал жозаға қадап отырып» айтады.

Етегінен қыран қонған шыңына дейін орман жапқан Алтайдың табиғатын сақтаймын деп талаймен арпалысқан сері Сифаттың ұстанымы оның бар болмысы. «Азаматтың әр ауылда... бір босағасы болуы керек. Қара басының қамына мал жиған, төрінде береке тұрмайтын, түзде жұртқа симайтын тексізге жаның ашымасын» – дейді ол. Романдағы аса жағымды деп танитын Сифаттың да бойында күйбең тіршіліктің пендешілігін қоса өрбітіп суреттеу Қалиханның ерекшелігі.

Романдағы қазақы қалпымен ерекшеленген Шерубай ақсақал «Басында пұшпақ бөрік, үстінде шолақ шидем шекпен, аяғында саптама... Мұрыны жоталы, одырайған бет сүйегінде, көстиген шықшыты мен сорайған астыңғы иегінде артық ет жоқ... ірі тұлғасы... қажыр қайратының да қалпында екенін аңғартқан» деп суреттелетін ол Алтайдың қара орманының бір шыбығына бекер балта тимесе екен деп шыр-пыр. Тіпті осы үшін орманшы инженердің басын жарып, он бес сөткеге қамалып шықса да бетінен қайтпаған. Қалихан сияқты шебердің қолынан шыққан осындай пенделерден ғана оқырман жұрт айналасын таниды, ұлтының болашағына көз жүгіртеді.

Қалихан Ысқақұлы менің көп жыл ізденуімнің нәтижесіндей болған «Едіге» атты туындымды оқып, аса ризалығын білдіріп, кітаптың беташар алғы сөзіне «Творчестволық кемел шағында Кәмел күрделі бір шығарма жазатын шығар-ау деп күтетін едім. Тура менің үмітімнің үстінен шықты. Едіге туралы мынау туындысы әзірге ешкім шиырлап үлгермеген тың дүние екен» – деп бастаған үлкен тұжырымды пікірін жазған еді.

Адам бұл жалғанның қонағы. Қалекең «Келмес күндердің...» кемесіне мініп өзінің Топқайынына жеткен. Ол маған Алтайдың мұзарт шындарының біріне шығып, қара орманына, жүрегі езіле отырып жазған әсем Алтайына, онан әрі Арқа, Еділ-Жайық, қазақ даласына тебірене қарап отырғандай көрінеді.

Қалихан Ысқақұлы ешкімге ұқсамайтын өзіндік стилі бар қазақ прозасын алға сүйреген шеберлігі мен шешендігі ерен классик жазушы. Оның шығармаларында тіл, табиғат, тіршіліктің күйбең тірлігі үйлесімін тауып, жарыса үн қосып жатады.

Қалихан стилі, Қалихан қолтаңбасы, шеберлігі, ғажайып суреткерлігі, сөз ұстарту – зергерлігі өзінше бөлек дүние. Қазақ әдебиетіне өрнек салған осы құбылысты зерттеу, зерделеу, келер ұрпақтың көңіліне қондыра білу қажет. Ол үшін Қалихан шығармаларын Қазақ тілі, әдебиет, журналистика саласында оқып жүргендерге арнаулы түрде оқыту қажет дер едім.

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,
жазушы, «Құрмет» орденінің иегері,
ҚР мәдениет қайраткері.**

Қалихан Ысқақ, қаламгер: Мен оларды үлкен жазушы дей алмаймын

«Қалихан ЫСҚАҚ еліне кетіп барады екен» – дегенді естіп, елең еттік. Алғашында біржола деп түсіндік. Сол оймен дереу Қалихан ағаға қоңырау шалдық. Ағамыз жолға дайындалып отыр едім деп кейіді. «Сізбен бір екі ауыз тілдессек», – деп біз де қоймаймыз. «Онда Шевчонконьң бойындағы жалаң бұт шалдың жанына кел», – деді ағамыз. Махатма Гандидің саябағын меңзегені. Екеуміз саябақта бір сағатқа жуық әңгімелестік. Әңгімеміз төмендегіше өрбіді...

– Аға, тағы да елге кетіп бара жатыр екенсіз. Бұл жылдағы әдетіңіз көрінеді. Мұның әлдеқандай бір себебі бар ма?

– Он шақты жыл болды, мамыр туа сала елге кетіп қаламын. Алты ай жазды Алтайда өткізіп келемін. Соңғы жылдары елге жиі баруыма себеп Қатонқарағайдағы халық қатты жүдеп кетті. Азаматтардың көбі ағаш сатуды кәсіп қылып алған. Қарағайды түк қалдырмай кесіп, әкесін танытып Қытайға сатып жатыр екен. Адамдар ағаш үйлерін бұзып, сатып жіберген. Жылыжайларға дейін сатылып кетіпті. Біздің ауылдың жанындағы бір жылыжайдың өзі жылына бір жарым миллион теңге пайда келтіретін. Ақшасы барлар құрылыстардың барлығын жеке меншікке деп алып, ешбір іске пайдаланбай, құрылыс материалдарына сатып жіберген. «Қызыл кітапқа» енген аңдарды да қырып жатты. Дәрілік шөптерді тамырымен жұлып, түк қоймай сатты. Әр жерде отырған шекара қызметкерлерінің мұның бәрін күзетуге шамасы жоқ. Елге барғанда ақсақалдар жиналып: «Қалихан, енді сен түк жазбай кетсең де біз өкпелемейміз, разымыз. Одан да елге қара. Ауыл тозып барады. Қатонқарағайдың қарағайынан да, үйінен де түк қалмайтын түрі бар», – деді. Содан ойыма Қатонқарағай ауданының территориясын түгелімен мемлекеттік ұлттық парк жасау керек деген идея келді. Соған бес жыл уақытым кетті. «Қазправда», «Егемен Қазақстан», «Түркістан» газеттерінің бетінде Президентке, Үкіметке, Парламентке екі дүркін хат жаздым. Оған кезінде Қасым Қайсенов ағамыздан бастап, Бибігүл Төлегеновалар қол қойып, қолдау білдірді. Бес жылдан соң бұрынғы

Қатонқарағай ауданының 363 гектар жері мемлекеттік ұлттық парк болып жарияланып, Үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Одан кейін де жергілікті атқамінерлермен төбелесуге тура келді. Арыздан арыз. «Халыққа қиын болды. Отынға, құрылыс материалына жарымай жатыр», – деген сөздер айтылды. Ұлттық парктің бір жақсы жері мемлекеттік шекара Халықаралық конвенсиямен қорғалады. Енді парктің ішіне ешкім кіре алмайды. Қазір ел тыныштанды, жағдайы да жақсарды.

Бұл жолғы елге бара жатқанымның себебі, жасыратыны жоқ, қартайғаннан кейін адам қала тірлігіне шыдамайды екен. Қалада тұрғаным алпыс екі жыл болды. Ертең өле қалсам да, туған жердің топырағында жатқаным дұрыс. Кеңсайға жұртпен таласқым келмейді. Әрі бір жылдан бері екі аяғым жүруден қалып барады. Кальций жетіспейді. Басқа жерім сап-сау. Жиырма күн болды қолыма еріксіз таяқ ұстадым. Оныма кемпірім «шал болдың» деп ренжиді. Басқасы-басқа аяқтан көрген жаман екен. Елге осы кеткенімнен күздің екінші айында ораламын. Қазір Алтайда күн суық дейді. Жолай Марқакөлге тоқтап, біраз күн демаламын да, Алтайға тартамын.

– *Жақсының артына сөз ереді деген сөз бар ғой. Сіз ел назарындағы жазушысыз. Тура айтсақ, ренжімеңіз. «Жұлдыз» журналында істеп жүрсеңіз де жұрт сізді «үйкүшік» болып кетті. Қоғамдағы ешқандай мәселеге араласпайды. Бұйығы болып барады» дейді. Ол неліктен?*

– Мен барлық пікірімді кезінде газет-журналдың бетінде көп айттым. Бір ауданның территориясын аман сақтап қалу үшін атқарған жаңағы ісімді қоғамдық мәселе деп кім айтпайды? Білдей бір ауданның мәселесін шешуге қазір қай жазушы араласып жатыр? Соңғы кезде Алматыдағы емес, Қатонқарағайдағы халықтың мәселесін шешуге атсалысып жүрмін. Ауылда халықтың кейбірі жерінен айрылып қалған. Біздің елде бұғы, ара совхоздары бар еді. Соның бәрін Алматы мен Астананың, Өскеменнің ақшалы адамдары мемлекеттің меншігі деп өтірік құжат жасатып алған. Оны былай қойғанда, шаруалардың қолындағы жерді де иемденіп алыпты. «Үйкүшік» болған түгім жоқ, елдегі осындай мәселелерге араластым.

– *Біреулер «Қатонқарағай жақта аудан сізге арнап қарағайдан үй салып берінті. Қалихан Ысқақ сол қарағайдан тұрғызылған үйін бұзып, Алматыға көшіріп әкелінті» дейді. Осы рас па?*

– Аудан маған ешқандай үй салып берген жоқ, оның бәрі – жай әңгіме. Өзім ол үйге бір жарым миллион қаржы жұмсадым. Салуға ағайын-туғаным болысты. Қарағайдан тұрғызылған үйімді бұзып, Алматыға көшіріп әкелгем жоқ. Бұзсам, алты ай жаз қайда тұрамын? Әлихан, Абылайхан деген екі ұлым, Самал деген жалғыз қызым бар. Кіші ұлым үйленгенде Қатонқарағайдан төрт бөлмелі үй сатып алып, соның құрылыс материалдарын осындағы Бағанашыл жаққа әкеп, ұлға үй салдық. Елден ағайын-туысымыз келіп, бір аптада тұрғызып берді.

– *Осы сіздің шығармашылық белсенділігіңіз қай жерде өнімді? Ауылда ма, қалада ма?*

– Ауылда мен бір сөйлем де жазбаймын. Қолыма қалам ұстамаймын. Табиғатымда алысқа кетіп, елді сағынып отырып жазбасам жаза алмаймын. Көбіне күзде, жаңбырлы күзде жазу әдетім. Мен тамылжыған табиғаттың астында отырып жазбаймын. Оның бәрі көшірме болып кетеді. Жазушыға ең алдымен керегі – тіл мен шығармашылық фантазия. Қартайғанда адам бала кезін, жастық шағын қатты сағынады екен. Қазір мен сөйтіп жүрмін. Мен үш жасымнан бастап болған оқиғалардың бәрін білем. Үш жасымда әпкем «халық жауы» болып, айдалып кетті. Сол оқиға күні бүгінгідей көз алдымда. Әкемді көрмедім. Әкем бір жасымда түнімен жылқы күзетіп келіп, таңертең мені бауырына алып ұйықтап жатқанында ауырмай-сырқамай жүріп кетіпті. Он төртке келгенде шешеміз қайтты. Содан мені әпкелерім жетілдірді. Атадан жалғыз болғандықтан, мені аяқтандыруға олар жалғыз көйлегін сатса да барын салды. Бала кезім есіме орала беретіні сондықтан.

– *Аға, қазір біздің үлкен жазушыларымыздың бәрі мемуар жазып кетті. Бұл неліктен? Сонда олардың мүмкіндігі естелік жазумен ғана шектелгені ме?*

– Менің өзім де естелік дүниелерге көштім. Елдің жағдайын, өткен күндерді, өзімнің ортамды, замандастарымды жазып жүрмін. Сол себепті «Келмес күндер елесіне» отырдым. Нені жазам деп қиналмаймын. Тақырып таппай, сенделіп жүру менде болған емес. «Қалай жазам» деп ойланып жүрем. Тәуелсіздік алғаннан кейін жұрттың бәрі елдің жағдайын жапатармағай жазып жатқанда «Беу, ақсақ дүние!» деген повесть жаздым. Ағайынды екі адамның бір-біріне топырақ сала алмай қалғанын суреттедім. Қазір кітап оқитын оқырман азайып барады ғой. Содан болу керек, сол повесімнің оқылмай жатқаны. Өз басым «Беу, ақсақ дүниені!» шығармаларымның ішіндегі ең бір шоқтығы биігі деп бағалаймын.

– *Бірақ бәрібір де өмірінің соңына дейін белсенді болған Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндер естелік жазған жоқ қой. «Өмір мектебін» жазған Сәбит Мұқанов болмаса. Бұған не дейсіз?*

– Мұқанов естелік жазуды ерте бастады. Ал қалғандары өлеміз деп ойлаған жоқ. Алпыстың ішінде кетті.

– *Әйтсе де сол жазушылар кезінде бір-бірінің шығармашылығын бағалап мақала жазатын. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов шығармашылығы туралы үлкен мақаласы есіңізде шығар. Осы дәстүр қазіргі үлкен жазушылардың арасында үзіліп бара жатқандай. Қазір көбі естелік жазған болады. Бірақ естеліктерде де бір-бірін іліп-шалу, кек алу байқалады. Әрі әдеби ортада мүйізі қарағайдай үлкен жазушылардың басы піспейтіні аңғарылып жүр. Мұның себебі неліктен?*

– Үлкен жазушылар дегеннен кім қалды дейсің қазір? Әбіш Кекілбаев, Қабдеш Жұмаділов, Әкім Таразилер ме? Мен оларды үлкен жазушылар дей алмаймын. Олар қарап жүріп жүдеп бара жатыр. Менің түсінігімдегі үлкен жазушылар – Әуезов, Мүсірепов, Мұқановтар. Қолыма қалам ұстап жаза бастағаннан мен Сапарғали Бегалин, Ғабит Мүсірепов,

Ғабиден Мұстафин, Әбу Сәрсенбаев сынды үлкендердің қолтығында жүрдім. Олар мені баласынған жоқ. «Мына «молокосос» не ойлайды екен?», – деп ылғи да менің пікірімді сұрайтын. Сөзден сүрінсем, сынай жүріп, өрге сүйрейтін. Қазіргі үлкен жазушыларда мұндай қасиет жоқ. Мен көрген Мүсіреповтей ұлылардың бір-біріне кекшілдігі болған жоқ. Бәрін жасаған саясат.

– *Ал қазіргі жазушылардың бір-бірін іліп шалуын, кек алуын қалай түсінеміз сонда? Қазір ондай кеңестік идеология да, саясат та жоқ қой.*

– Қазіргілердің бір-бірін іліп шалуы, кек алуы тек қызғаныштан. Қызғаныштың қызыл иті ешқашан тоймайды емес пе? Біреуді мақтап жатса, екіншісі «мен қайда қалдым» деп шығады. Бірінің жазған керемет туындысын екіншісі көре алмайды. Әрі қазіргілерде эгоизм басым. Заман эгоизмді өте өсіріп жіберді. Біреуге дүние бітсе де жеккөрінішті, жақсы шығарма жазса да жеккөрінішті. Мұның бәрі айналып келіп халықты дегредацияға ұшаратады.

– *Сіздің қатарластарыңыздың кейбірі роман жазуға енді қалған уақытымды шығындамайын деп шағын жанрларға көшті. Сіз не жазып жүрсіз?*

– Мәселе уақыттың жетпеуінде емес. Мен қазіргі прозаға разы емеспін. Бүгінде прозаның техникасын меңгермеген жастар повесть, роман жазып жүр. Біз сауатсызданып бара жатырмыз. Университетте бізге Әуезов дәріс берді. Қазір кілең бәлду-шәлдулер сабақ береді. Драматургияның не екенін білмей жатып, пьеса жазатындар бар. Ал драматургия – ең бір «қақпас», «кәрі», «қиын» жанр. Біздегілер соған қалам сілтейді. Қазір алдыңғы буын мен кейінгі жастардың арасындағы байланыс та үзіліп кетті. Жастар кәрілерге жоламайды. Кәрілердің кеңесі керегі жоқ деп есептейді. Өздерінше данышпан. Ағылшын, неміс, жапон болғысы келеді. Соларша жазады. Себебі, қазақ болудан қашықтап барады. Бірақ қайда бара жатқандарын өздері де білмейді. Менің «жазсам тек қазағым үшін ғана жазамын» деген принципім бар. Жазуға қазақтың басында материал көп. Неге Шыңғыс Айтматовтың бүкіл шығармаларында қазақтар суреттеледі? Өйткені қазақтай ауыр трагедияны басынан кешкен халық жоқ.

Қазір «Келмес күндер елесін» бітірсем деп жүрмін. Аяқтап қалған дүние еді. Екінші сыныпта оқитын немерем келіп, компьютерге сурет салып, шұқылапты. Ол кеткен соң жазайын деп отырсам, бірінші бетім жүзінші бет, жүзінші бетім бесінші бет болып шашылып жүр. Қалпына келтіру үшін компьютердің ана жерін де, мына жерін де шұқылай беріппін. Содан бәрі быт-шыт болып, 382 бетті шашып алып, сол уайым болды. Қағаз бен қаламсапты көргім келмей кетті. Отырамын да, ойымдағыны бірден мәшіңкеге түсіретінмін. Келе-келе мәшіңке тарсылдап, үйдегілердің мазасын алған соң компьютерге көштім. Жас ұлғайған сайын адам қажиды екен. Бұрын мен он сөзден бір сөзді таңдап жазатынмын. Қазір жүзден біреуді ғана аламын. Жасы ұлғайған сайын адам өз-өзіне сыншы болады

екен. Оның қаламды тежейтін зияны да бар. Әрі жазуға қазір төзім жетпейді. Компьютердің алдында жарты сағаттан артық отыра алмаймын. Баста сайрап тұрған дүниені қағазға түсіруге қартайғанда енжарлық танытады екенсің. Тіпті, жазбай тұрып, өз-өзіме көңілім толмай тұратын кездерім болады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан – **Қарлыға ИБРАГИМОВА.**

(Әдебиет порталы. 14.03.2016 ж.)

Құрастырушыдан: Бұл сұхбатты интернеттен алдым. Қалиханның көз жұмғанына 2 жыл (13. 03. 2014) болғанын еске алу ретінде жасалған деп білдім.

ҚАЛИХАННЫҢ ОЙ ТҮЙІНДЕРІНЕН:



Тектінің мінезі

Тұман да емес, жаңбыр да емес, не аспаны жоқ, не Алатауы жоқ Астананың саңылаусыз, есте қалмайтын, білінбей жылжып бара жатқан ентаңбасыз, белгісіз күні еді. Екінші қабаттың алабұлдыр фойэсінде сөйлемейтін, сөйлесе суреті қашып кететін сақау телевизорға телміріп отырғанбыз... Қырып тастайтындай топырлап осында келеміз. Бір-бір бөлмеге шіреніп-шіреніп енеміз. Кім не тындырып жатыр?.. Әйтеуір, көзге болса да, стол үстінде жаюлы қағаз жатады. Бір досымыз ақ парақтың шекесіне атын жазып қойып, ай бойы соған тамсана қараумен қараятын болған соң сырттай «өтірік жазушы» атанып еді... Әл-Фараби атындағы Шығармашылық үйіміздің бүгінгі тұрғындарының түрі осы...

Кезінде көркемдігін жігіттің төресінен де оздырмаған ағамыз Тәкен Әлімқұлов алпыстың тоғызына енді іліккенде аяқ астынан күрт сынды: шодырайған бет сүйекке қарауыл болып қоңқиған мұрын қалды, қызыл күрең нұрлы жүз қуқыл тартып, танадай шаралы көздің оты өшкен соң

мынау бей-берекет заманнан аялдайтын тиянақ таппағандай, дүниеге селқос қарайтын болған. Қажып отырды. Қажып отырып:

– Кетік бала, сонымыз бекер-ақ болды-ау, ә! - деді.

«Бекер болды-ау, ә?»...

Аспаны да жоқ, Алатауы да жоқ ақ шаңыт терезеге әншейін қарап отырып айта салған. Қайтып келмейтін, қайтып көрмейтін, мынау ақ шаңыт терезе секілді беймағлұм дүниенің арғы жағында көзден өшіп, көңілде ғана қалған үмітсіз сағыныштың өкінішін еске алып еді. Он тоғыз жыл өткен соң. Кім біледі, он тоғыз жыл бойы көңілінен тастамай да жүрген шығар... «Кетік баладан» басқа, ағамыздан басқа тірі пенденің құлағына шалынбаған, сонау Созақтың шалғайында қалып кеткен ол да бір қимас құпия еді...

...Жазғы Созақтың ыстығы ми қайнатады. Қаратау балқып, күн көзінен шөгіп бара жатқан сияқты. «Үшбасқа жетсек тоғай бар, тоғайда жылқылы ауыл отыр» деп еді. Үшбастың да топырағы қоламта, тоғайы таздың желке тұлымындай шөлдеп отыр екен, бұлаққа емінген таздың телпегіндей қараша үйдің шыбыны торғайдай. Ыстыққа тұншыққан оншақты құлын, құйрық қағуға дәрмені жоқ, желі басында сұлап-сұлап жатыр. Түндікті жауып, іргені түргенімен бетінді жалын шарпиды. Оның үстіне сол жалғыз жыртықты КГБ-ның подполковнигі бөксесімен бітеп алыпты. Тәкен ағамыздың Шымкенттен ере шыққан немере туысқаны еді. КГБ-ның қызметкері тұрмақ, қайыр дәмәткен көшенің мүсәпіріне де күдікпен қарайтын ағамыз туысқанымен өбектеп сөйлесе қоймады. Қаладан шықпай жатып қабағы түсіп кетіп еді, екі тәулік бойы екі ауыз сөзін жұртқа қимай, жарылып кете жаздап отырғандай көрінді. Қарсыдағы құм белдің шағылын иегімен сүзіп, шағылдан шалқыған қаракұрым сағымды көзімен қуалап, міз бақпай қалып еді, әлден уақытта:

– Бейіштен үн келеді қоңыр салқын, - деп күбірледі де: – Сөз екен-ау, желдің де түрі, түсі бола ма екен?! – деп, жалғыз жыртықтың өтіне тығын боп жатқан подполковник май сіңген мәйкесін жуан қарнынан «жыртып алып», желпіп-желпіп қойды, онымен де қоймай: - Абай да Абаймын деп әншейінді айта береді екен-ау! – деп ақынды жұртына апарып тастағандай болды.

Манадан маңайындағы еш жанды менсінбей отырған ағамыз шаралы көзін жалт еткізіп бір төңкеріп алды да, дастарханның етегін кейін серпіді.

– Бізге екі ат ерттеңдер, желдеп қайтқым келіп отыр – деді.

Ағамыз елу жасқа толған еді. Туысқаны тұрмақ өзінің елу жасын да менсінген жоқ, мойындағысы келмегендей нәумиез қарсы алып, Мәскеудегі қызметтес жора-жолдастардың құрмет-дастарханынан «спасибо» деген бір сөзбен құтылып, Алматыға қашып келгенбіз, мұндағы дос-жарандардың құттықтауына ерін жыбырлатпастан, Созақтан бірақ шықтық...

...Жылқышы екі ат ерттеп қойған екен. Жатаған жабы торы маған тиді де, шолақ кекіл, қысқа жал, келте құйрық ұзын қаракөкті ағамызға көлденең тартып тұрып:

– Байқаңыз, ер салғанымызға екі-ақ күн болып еді, тастап кетіп жүрмесін, - деді жылқышы.

– Келер жылы үйірге қосамыз деп отырған төрт жастағы жануар екен, бұл баяғы ақбоздың тұқымы шығар? – дегенімде: «Болса болар!» деп мал иесі мақтанышын жасыра алмады. Мақтанып тұрып туысқанын көтеріп атқа салғанда ұзын қаракөк қабырғасы сөгілгендей ыңқ етіп қайқаңқақты да, ағамыздың екі аяғы солаңдап жер тіреп қалды. Тастап кетеді деген асаудың айналшығы күрттап тұр екен. Жабы торыға іздесіп таяқ тастамға доқылдап барды да, төбеге ұрғандай тұрды да алды. Ағамыз аттан қарғып түсіп, қамшысымен сауырдан бір салып еді, ұзын қаракөк екі-үш аттап, бетімізге бедірейе қарады. «Жазығым не еді?» дегендей. Сосын, түк болмағандай, уаһам дүниеден бейхабар мәңгіріп тұрып, құйрық көтерді.

– Кетік бала, қаштық! – деді ағамыз

Сонымен, тағы да қашатын болдық. Аңыз болған ақбозының бүгінгі тегіне өкпеледі ме, ағайынның бітеулігінен қашты ма, ағамыз Үшбастан аттанғанша асықты. Жылқысы түгіл адамының өзі азып кеткен мынау заманнан қашқанмен, қайда барып құтылмақсың?!

1986-жыл, шілде.

ТІРШІЛІГІМДЕ ҚАНША БЕЙНЕТ КӨРСЕМ ДЕ, БАҚЫТТЫМЫН

– Қалихан аға, пайымдауымша, сіз өзін аса дәріптегісі келмейтін, көп көріне беруді қажетсінбейтін жан секілдісіз. Көпшілік сіздің тұр-тұлғаңыздан бұрын еңбектеріңіз бен «Қалихан Ысқақ» деген атыңызды жақсы білетін сияқты. Керісінше, жазушы адамға танымалдылық қажет емес пе дегенім ғой...

Ағамыз жайдарылана күліп алып, әңгімесін бастады:

– Менің кейбір замандастарым, оның ішінде қазір көзі тірілері мен көз жұмып кеткендері де бар, солардың салтанаттарда, жиын-тойларда біреулер суретке түсіп жатса, жүгіріп барып жанына тұра қалатындары, теледидарға түсіре қалса, бажырайып алдына барып отыра қалатындары да бар. Мен ондайды жақтырмаймын. Екіншіден, мені біреулер көзімше мақтай бастасаса, ол жерден қашып кетемін. Адамның табиғатында кейіп-кескіні, ішкі дүниесі – бәрі көрініп тұрады. Сондықтан табиғатқа зорлық жасауға болмайды. Пастернактың:

«Цель творчества – самоотдача,

Не шумиха, не успех.

Позорно ничего не знача быть причей,

На устах у всех»,

– деген бір өлеңі бар. Осы өлең менің жазу үстелімнің астында жатушы еді. Онсыз да қысқа ғұмырында адамдардың тіршілікті ғана ойлап, адамгершілікті ұмытып, қу дүниені ғана қуалай беруіне болмайды. Асықсаң да, асықпасаң да, маңдайына не жазылады, сол болады. Талқаның таусылған

күні өлесің. Ал тіршілік бар кезде қыбырлап шаруанды жасайсың. Бірнеше жыл болды, елде бір үй салып алғанмын. Алты ай жаз сонда жатамын. Тек қыста осында келемін. Бірақ елде жатып, ең болмағанда бір жол ештеңе жазбаймын. Жалпы мен ел туралы елде тұрып жаза алмаймын. Елден ұзаққырап шығып кеткеннен кейін, сағынып отырып жазамын. Адамның өзін-өзі қыстай бермей, бір сәт дем алатын сәті болады. Кең тыныстайтын сәті болады. Тыныш жатып, тыныш жүріп «Біреуге не жақсылық жасадым, не қателік жасадым? Не жамандық көрдім?» деп өз-өзіне сауал беретін де кезі болады. Бұл жерде соның барлығын өлшеп, салмақтау ғана емес, адам өзін-өзі есіне алуы керек. Адамда жазылып кеткен пленканы қайта аударып оқу деген болады. Оның ішінде жасы ұлғайған кездері, өткен өмірі, балалық шағының балдәуренін аңсау, соларды былайғы өміріне медет тұту бар. Соның барлығы адамға рухани азық болады. Жалпы мен маңайымдағы адамдардың жақсысын да, жаманын да сөкпеймін. Жаман адам болса, жазушы үшін ол да – мінез. Оны да сүйсініп отырып жазу керек. Жақсы адам да солай. Сондықтан тіршілікте әртүрлі жағдайлар бола береді. Менің шешем өлерінде мені шақырып алып: «Құлыным, менің саған айтар үш тілегім бар. Біріншісі – әлі бала болсаң да, еркек кіндіксің. Сондықтан мен өлгенде жыламайсың. Екіншіден, мен өлген соң, бұл орында бір күн де тұрмайсың. Оқуыңды іздеп кет. Қай жерден түтінің шықса, әкеңнің қара шаңырағы сол болады. Үшіншісі – тұқымымыздан дуалы ауыз едік, ішіңнен болса да, ешкімді қарғамайсың. Ал саған қиянат жасаған адамдар болса, Құдайдан өз жазасын алады», - деді. Шешем өлгенде жылағаным жоқ, кейінін өзім алпысқа келгенде барып, шешемнің зиратының басында отырып жылағаным бар. Шешемнің қырқын бергеннен кейін 1948-жылы елден кеттім. Онан кейін, осы уақытқа дейін, қаншама қиянат жасаған адамдар болса да, ішімнен қарғап немесе ғайбаттап көрмедім. Бірақ, сол қиянат жасаған адамдардың, әй оңғандары жоқ-ау. Оңған адам болса, жазықсызға қиянат жасамайды ғой.

ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕРІМДІ ӨРТЕП ЖІБЕРДІМ

– Аға, 60-70 жылдары жарық көрген шығармалардың көбісіне қарап отырсаң, мақтау-марапаттау, арнау, ода жазудан ары аса алмаған. Сол шақтарда сіздің «Қоңыр күз еді» атты лирикалық повесіңіз әдебиет айдынында жарқ ете қалып, жұртқа кәдімгідей бетбұрыс жасатты дейді, білетіндер. Оқырман әлі күнге тамсана оқып жүр. Сол еңбегіңіз туралы жазған Асқар Сүлейменовтің керемет мақаласы бар екен. Жалпы осы туындыңыз туралы айтыңызшы?

– Бұрнағы жылы Мәскеуден менің повестер жинағым шықты. Сол кітабымның орысшасын баспада қызмет істейтін бір қарындасым оқып шықты. Оқып біткен соң маған: «Аға, сізді оқу өте ауыр екен», – деді. Мені 1963-жылы сынап жазды. Онда: «Қалихан қай заманда өмір сүріп жүр өзі?

Мұның жазғандарының ішінде Кеңес үкіметінің ең болмағанда кәсіподағы да жоқ қой», – деді. Мен соларды жазбаймын дегенім жоқ. Мүмкін сол кезеңдерде бір қайшылықтар да болған шығар. Оны да жасырмаймын. Мен төртінші сыныптан сегізінші сыныпқа дейін өлең жаздым. Сегізінші сыныпта өлең жазуды тоқтаттым да, бәрін түк қоймай өртеп жібердім.

– Неге?

– Оған себеп Бейімбет Майлин болды. Әпкем мектепте 1938-жылы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» пьесасын қойды. Ол кезде Алтайдың түпкіріндегі ауылға Бейімбеттің «халық жауы» болып кеткендігі туралы хабар жетпеген ғой. Әпкемді «халық жауы» деп айдап әкеткенде, артында біраз кітап тастап кетіпті. Ол кітаптарды әпкем киізге орап көміп тастаған екен. Мен соны тауып алдым. Қарасам Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиннің кітаптары да екен. Бірақ, анам барлық кітаптарды өртеп жіберді. Соның ішінен бір кітапты тығып алып қалдым. Қарасам, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты повесі екен. Бастан-аяқ оқып шықтым да: «Ей, менікі құр сандырақ екен ғой. Әдебиет деген осы екен ғой!» – дедім. Сонан бүкіл жазған-сызғанымның барлығын өртеп жібердім. Менде: «Алматыға барсам, Бейімбетті көрсем» деген арман пайда болды. Бейімбеттің атылып кеткенін естігеннен кейін көңіл-күйім түсіп кетті де, «Қоңыр күз еді» повесін жазып шықтым. Сізге өтірік, маған шын, мен оны бір түнде жаздым. Ол кезде Алматыдағы «Сайран» көлінің орнында бір орыс кемпірдің үйін жалдап тұратынбыз. Сонда күнде таңертең қызыма сүт алып қоятынмын. Сол күні күндегідей сыртта бір келіншек «Молоко, молоко!» деп айқайлап жүрді де, әне-міне деп, жазып отырғанымның соңғы жолдарын бітіп, сыртқа шықсам, сүт сатушы флягын төңкеріп, кетіп қалыпты. Повестің жазылу тарихы осындай. Бұл сағыныштан туған дүние еді.

– Аға, сіздің басты-басты роман, повестеріңізді, бірнеше толық метражды фильмдеріңізді айтпағанда, жиырмаға жуық пьесаларыңыз республикалық, облыстық драма театрларының репертуаларына енгізіліпті. Осылардың ішінде жаныңызға жақын, жеке өміріңізден алынғаны бар ма?

– Өзімнің өміріме тікелей қатысы болмаса да, мені қатты ойландырған нәрсе тәуелсіздігіміздің алғашқы кездерінде кешегі халыққа қадірлі деген адамдар, оның ішінде өнер адамдары, ғалымдар айдалада қалып, қайыршының күйін кешкендігі жаныма батты. Аздаған жинаған ақшаларым бар еді, оны қазіргі билік басында отырғандар жеп қойды. Одан бір айрылдым. Қазақстан үшін қаншама тер төгіп, тынбай еңбек еткен адамдар далада қалды. Осыған байланысты «Қыл көпір» деген пьеса жаздым. Басты кейіпкер – үш-ақ адам. Бұрынғы профессор, бұрынғы атақты дәрігер, сосын Әзірейіл. Спектакльдің соңында Әзірейілдің: «Мен – Жаратушының бұйрығын орындаушы ғанамын. Ендеше, сендерге қастығым да жоқ, достығым да жоқ», - деген сөзі бар. Сонда Әзірейіл періште: «Дайындала беріңдер, адамдар өзгеріп бара жатыр. Заман өзгеріп бара жатыр. Сендерге

заманақырды Алла орнатпайды. Заманақырды өздерің тілеп аласыңдар», - деп аяқталады.

Менің Бейімбеттен кеткім келмейді. Бейімбеттің бір әңгімесін, иә болмаса повесін бөліп қараған адам емеспін. Кейін «Саботаж!» деген пьеса жаздым. Сонда Бейімбеттің кейіпкерлерінің атын ғана алдым. Соларды алып басқа ситуацияға – Бейімбеттің заманына салдым. Бейімбетті зиялы қауым ішінде тек жазушылар мен журналистер, зиялы қауым ғана оқитын болды да, қарапайым жұрт оқи бермейтін еді. Бейімбеттің кейіпкерлерінің барлығы бекерден бекерге Мырқымбай, Құрымбай деп аталмаған. Бейімбеттің жауы - жан-жағындағылар болған. Оның кейіпкерлерін оқығанда, жақсы көріп, разы болып қана оқымайсың, күліп отырып оқисың.

Сұхбаттасқан – Әлия ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ.

«Жұлдыздар отбасы» журналы, 2007 ж.

ҚАРА ШАЛ



«...Қоңыр күз еді. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір жүдең шағы, көңілсіз шағы. Соқыр тұман оның биік сілемдерін жым-жылас қып жұтып қойыпты. Енді бөктерлеп келіп қанат жайып, күргейлеп алған. Тау да бірте-бірте аласарып, адырлы жота-қыратқа айналып, шөгіп бара жатқандай. Әржерде селдіреген ойдым-ойдым шоқ ағаштар болмаса, етекте бұрынғыдай ну орман да жоқ, үркіп барып, сонау жоғарыдағы алқым-алқымдарға тығылып қалыпты...».

«...Бейуақ. Қарағайлы шатқал арасындағы ауыл үстіне бұлт үйіріліп, ығы-жығы үйлері алакеуімденіп қана көрінеді. Аула тандырларынан от ұшқыны жылтылдайды. Анда-санда иттердің мыңқ-мыңқ үргені, әлдеқайда аухаулап сиыр іздеген жалғыз-жарым дауыс болмаса, ауыл жым-жырт...

...кешкі тымық ауаны жара шыққан ән мені елітіп әкетті. Қоңыржай, баяу үн... Самарқау самал еседі. Желектің тарқатылған ұшындай жаңа түлеген селеу басы әлсіз лепке изең-изең етіп бас шұлғиды да, қалтырап барып тына қалады...».

Сұлу-сылдыр сөзге емес, жанды суретке толы бұл үзінділер - біздің буынға «Қоңыр күз еді» хикаятымен жол бастап келген Қалиханның қарға аунаған сайын құлпыратын алтайы қызыл түлкі сынды көркем теңеулерінің бірер мысқалы.

«Қоңыр күз еді». «Қоңыр күз» қазақтың көне сөзі болса да, бұл хикаяты Ысқақұлы Қалиханның қазақ әдебиетіндегі төлқұжатына айналып,

мысалы, маған Қалихан мен Қоңыр күз егіз тәрізденгелі қашан!.. Бірін естігенде екіншісі есіме еріксіз түсетін... Қайран құрдасым Қалихан мен уәй шіркін Қоңыр күзді қантамырым лүпілінен жаңылғанша бір-бірінен ажыратпаспын!

Құрдастар фәниге бір жылда келсе де, бақиға бірі ерте, бірі кеш кететіні – өкінуге болса да, жазғыруға болмайтын жазмыш. Айрылудың ауыр салмағын мұнда қалғаны көтереді. Тақырып тере әңгімелесуіміз де, шымшып-шаншып әзілдесуіміз де жарасқан құрдастарым: Жүнісов Сәкен серіден, Мырза Әли Қадырдан, Молдағалиев Тұманбайдан, қыранқабак ақын інім Иманасов Сәкеннен, «кәриялап» қалжың ағытып жүретін Ілиясов Қажтайдан... көз жазғаннан кейін кеудемді кеулеген кезекті суық құйын Қалиханның тынысы тоқтағанын естіген сәтте болды, - екеуіміздің ақырғы жүздесуіміз шілде айының алғашқы аптасына белгіленген екен ғой...

Әдеміше ақсақал кейпінде күрек тісі ақсиып ортамызда жүруі сирей бастағанында жаз шыға «Нива» аутокөлігіне бұт артып, Топқайыңына тартып кететінін білдім. Әлбетте, жаз шыға. Онда інілері тұрғызып берген самалалы сәнді үйі бар. Кейде бәйбішесі Дәмеші екеуі, кейде бала-немерелерімен барып, жайлауға бергісіз жасыл әлем төрінде аунап-қунап, бетінде түйіршік май қалқыған сары да дәрі қымызға бөгеді екен. Алматыға келген соң хабарласып: - Қара шалды жоғалтып алдың ба? - деп күлетін. «Ондағы ескікөздеріңнің бірімен ымдасып қалып, кемпірің дертеңді қайырған жоқ па?» дедім бірде. Ол қырылдап күліп алып: «Күдекең маған ондай «талант» бермеген, так что кемпөшкем әрқашан алаңсыз», деді.

Келесі жолы ауыл сапарын әңгімелеп отырып: «Бұл – бір қызық дүние. Мен маусым туа барып, Катын қарағайдың қарын қайтып келместей етіп қуып тастаймын, бірақ ол бәтшағар да беріспейді, қазан туа мені Алматыға қайтарып жібереді», деп қырылдап күлді.

Екеуіміздің анда-санда пікір таластыратынымыз бар-ды. Сол жолғы себеп ресми «Катон (катун) қарағайды» оның «Қатын қарағай» дей бергені болды. «Неге олай дейсің?» десем, ол: «Қарағайы қатындай сымбатты болған соң, біздің қазақ «әйел» демей, «қатын» деген ғой, содан «Қатын қарағай» деп атаған» дейді. Мен: «Басқа жақтағылардан қатты болған соң «Қатты қарағай» деген, немесе үйірлеп өскендіктен қотанға ұқсатып, «Қотан қарағай» деген шығар?» деп едім, ол: «Сен алтайлық болсаң да, қатынқарағайлық емессің, менімен саудаласпа! Жарайды, ерінбей жөнін айтайын: көне скиф-сақтардың «катуны» - қазақтың «қатыны». Білгің келсе, тағы айтайын: бүгінгі «Лена» – оларша «Ана», ал «Обь» – «Апа», «Енисей» - «Анасай» болған» деді.

Қазақтың ғана емес, түркі әлемінің тарихы, дала-қала, жер-су аттары «мәжілісіміздің күн тәртібіне» қойылғанда, Қалиханмен «саудаласып» пайда таба алған емеспін, сірә, бұл жағынан да ешкімге есесін жібермеген шығар.

Екеуіміз бірде Шыңғысхан хақында «жағаласып қалдық». Сөзді мен бастадым. – Ай, қара шал, Шыңғысхан жайында анық мағлұмат қашан болар екен? Бір жақ оны: «қанішер болды, пәлен қаланы қиратты, түгленбай адамды қырып салды» дейді. Ол жақта хан емес Шыңғыс Айтматов, Әуезов емес Мұхтар Шаханов және басқалар бар. Ал екінші жақта «Мен» деп роман жазған Мұхтар Мағауин бар. Олар: «Шыңғысхан бабамыз түрік тұқымдылардың басын қосып, көне замандағы Түрік империясын қалпына келтіруді мақсат етті» дейді. Тарихшы болмасам да, дұрысын білейін, кәне, сөйлеші! – дедім. Ол күмісі аралас күрек тістерін «көрмеге қоя» күлді де: «Аласа жігіт, есінде болсын, дүниежүзілік мәдени тірлік те Шығыстан, біздің Алтайдан басталған. Бастаған – көктүріктер. Олар адамзаттың алғашқы көктем құсы болған. Ықылымзаман өмірдің өр-ылдиын көбейтіп, түрік балалары таулардан асып, дарияларды кешіп, әрбір жолында топ-топ болып қалып, ақырында бірнеше ел болып кеткен. Сол түріктің бір баласы – Шыңғысхан өз тұсындағы ұрпақтан бастап түріктұқымдыларды біріктіріп, қайтадан қуатты-құдіретті ел жасау үшін атқа мінген. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейміз ғой, эне, заманның құбылысына қарай бөлшектелген бабаларымызды барған жерлеріндегі қаны басқа пәлекеттер билеп-төстеп алып, дінінен, тілінен, әдет-ғұрпынан айырған. Шыңғысхан халқын сол теперіштен құтқаруға кірісті. Кейініректе саған арнап, тәптіштеп «лекция оқырмын», ал әзірше тоқ етерін айтайын: Шыңғысханды одан таяқ жеген Орыс, Қытай, Иран, солардай жатжұрттар жамандады, әлі де жамандап жазып жатыр. Қазақ «тарихшыларының отряды» көне тарихтың бертінгі беттерін ғана шолып, өздері шола да алмағандары орыстың кереауыз тарихшыларының ізінен шықпай, солардың сарқытына мәз болып, пәлен де түглен құпия тарих дегендерді малданып әлек. Жамандағыштардың бәрі дерлік Шыңғысханды – Түріктің, оның бір бұтағы қазақтың Ұлы қолбасшысын, саясат сақасын «түрік емес, қазақ емес» десіп, анаған, мынаған телуде. Мен осы тақырыпты жеріне жеткізе әділ талдаған бір көне кітаптың барын біліп, содан көшірме жасатып алмақпын. Құдай бұйыртса, сен оның менен кейінгі екінші оқырманы бол, жарай ма?» деді, әдетінше сақал-мұртын сауа жымыңдап. «Әй, қара шал, кетік жігіт, «аласа жігіт» болған соң сенің алдыңа түспей жүрмін ғой?» дедім. Екеуіміз көңілді күлкімізді жарыстыра тарастық.

Қалекеміздің денсаулығы «еркелеп», әсіресе бар болғыр аяғы бәлденіп, ырқына көнбей, үйден шығуды қойғанын естіп, иә, шілденің бас шенінде үйіне барып, Дәмеші үшеуіміз бір сағат шамасы анау да мынау жеңіл-желпі жәйттерді әңгімеледік. Сонау бір жылдары Дәмешінің маған телефон шалып: «Жігітімді «үйден шықпа, романыңды жазып бітір!» деп қалдырып, есікті сыртынан бекітіп, өзім круизге кетіп барамын» деп қалжыңдағаны бар еді, сол жігітінің енді үйден өздігінен шыға алмай отырған күйі жүйкемді шабақтады.

Екі күннен кейін Қалихан телефонымды қоңыраулатып: «Ай, аласа жігіт, саған бір поручение бар», дей бергенінде: «Қара шал, тоқтай қал. Алдыңды орай айтайын, саған қой сойып апарып тастауға тіпті уақытым жоқ» дедім. Ол ғадетінше қырылдап күлді де: «Осы қалам ұстағандардың қатарында біз, отызбесінші жылғылар, жиыны нешеу екенбіз, соны анықтап, маған ертең доложить қылшы» деді. «Ертеңі бітпейтінді тапқан екенсің, екі минөтте есебін беремін, кідіре тұр» дедім. Ол тағыда күлді. Жазушылар анықтамалығын дереу сүзіп шығып, деректі қағазға түсіріп алып: «Ау, кетік жігіт, осмелюсь доложить, біз жиыны жиырма жеті болған екенбіз, бүгінде жетеуіміз бармыз» дедім, көңілімнің құлази қалғанын аңғартпауға тырысып. «Солай ма... е, әзірше осы да жетеді ғой, сау бол!» деп телефонын жапты...

Қоңырқай өңін соңғы рет көріп, қоңыр дауысын соңғы рет естіпін-ау!..

Мен оны әншейінде: «Қалихан» деп атап, қалжыңға кезек тигенде: «Қара шал», «Қара жігіт», металмен қаптаған маңдай тісін «малсынбай» «Кетік жігіт» дейтінмін. Ол мені «аласа жігіт» дейтін.

Қалихан Мемлекеттік сыйлық алғанда құттықтап үйіне барып, жаңа кітабымды мына бір «жырымды» тіркей сילהан едім:

«КЕТІК» ЖІГІТКЕ

Қалихан ЫСҚАҚҰЛЫ Мемлекеттік сыйлық алғанда

Әзіл

Әлі есінде: әзілдесіп «ДОС...» жүрді,
Ал «АҒАЛАР...» ақыл айтты иықтап.
Сыр ұқтырды «БҰҚТЫРМАНЫҢ САРЫНЫ»,
Басқа тұрғай, тауқыметті «ТҰЙЫҚҚА».
«ҚАРА ОРМАН» қалың ойдан серпілді.
«ҚОҢЫР КҮЗІ» сұңқылдатты аққуды.
«ҚАРАШ-ҚАРАШ»... кино көші жөнкілді,
Бетке алып «ЖЕР ЖАНАТЫ – АҚСУДЫ».
Бәйбішекең, тауып табар баласын,
«Круиз!»—деп шарлап кетті жер-көкті,
Өзі болса, оңашада қалған соң,
Терең толғап қара сөзбен жыр төкті.
Үкімет пен Жазушылар одағы
Оянды да (оятқан соң!) басқан қалың ұйқыдан,
Он жыл бұрын алатұғын силығын
Он жыл кейін алды бүгін ҚАЛИХАН!
ЫСЕКЕҢНІҢ ырысты ұлы, сөз расы:
көксемеді, тілемеді, сұрамады «құдайлардан» сый-құрмет!
О, бауырым! Әрқашанда аман болсын отбасың!
ТАЛАНТЫҢ бар!

ТАЛАНТЫҢДЫ ТАНЫҒАН:
АЛТАЙЫҢ бар, ХАЛҚЫҢ бар,
АЗАМАТҚА ОДАН АРТЫҚ НЕ КЕРЕК?!

1993 жыл, қаңтардың 24-і.

(Алғашқы екі шумақта бас әріппен жазылған сөздер – Қалихан кітаптарының, әңгімелерінің аттары.)

Қалиханның қара сөзбен жыр төккені оқырман қауымға аян. Ол құдай берген түймедей талантының, өзі таңдаған таудай талабының арқасында ана тілінің уызына жарып, қыр-сырына қанып, «қазаққа қара сөзде дес бермеген» Қаламгер болды. Үлкен-кіші шығармаларының қайсысына үңілсең де, қазақы көркем тіл құнарына тәнті боласың.

«Ақсу – жер жаннаты» романының әлхиссасын қып көрелік:

«Наурыз туысымен белгі беретін Алтай жылымығы томар қалпағын қисайтып, қысқы жолдың күнқағар езуін науалап тастағанымен, қар әлі семіздің сүбесіндей: жел қаққан жазықтың кірі, қысы-жазы қылау жатпайтын Үшқоңырдың найзасы болмаса, ұлытаудың теріс қапталы шаңқайып-ақ тұр.

Мұз астында тып-тыныш қыстап шыққан Күлмес өзені әржерінен үзік-үзік тесіле бастаған екен, жар жағасындағы жалғыз көшенің біркелкі ағаш үйлері бір түннің ішінде шатырлары мыжырайып, ескіріп қалыпты. Қыштан соққан екі қабат қос орда қоймен бірге жайылған бозқасқа есектей одырайып көрінген, – олардың ауданның ақсүйек мекемелері екенін Бекет «штукатурлы» кәрі келіншектей сәнқой сырт пошымынан-ақ танып отыр. Ел-жұрттан екі-үш шақырым қашып шығып, ұлтарактай жазықтың дін ортасына жалпая кеп қонған аэропорттың қортық тамы да жым-жырт жусап тұр. Енді қайтып ешкімді шығарып салмайтындай, енді қайтып ешкімді қарсы алмайтындай екі арадағы суыртпақ жол уәһәм дүниеден күдерін үзіп бара жатыр. Өзек талдырып, өмір өксіткен уәйімшіл бір тыныштық, бар қуатыңды құмарлығымен қоса қақтай сауып тауысқан нәумез шақ. Жұрт саған, сен жұртқа жексұрын көрінетін сияқтысың».

Сөз кестесі дейсің бе, ой ажары дейсің бе, нені іздесең – бәрі бар!

Суреткер Қалиханнан айрылып қалған кейбір дос-жолдасы оны: «Қазақ әдебиетінің қара нары», десіп жоқтады. Олай ғана емес, Қалихан тұтас қазақ мәдениетінің қара нары болды. Әңгіме, романымен ғана танылған жоқ, пьеса, киносценарий көгіндегі жұлдызды еңбегі де – мол дүние. Ол сөз бен ойға талғампаздығын, танымпаздығын, тіл жүйріктігін аудармада да көрсетті. Өзі пір тұтқан Л.Толстой мен И.Тургеневтің, А.Чехов пен И. Буниннің, А.Куприннің толағай туындыларын мал табудың тәсілі етпеді, әлемге әйгілі бұл классиктердің шығарма шырайларын қазақ оқырмандарға, әсіресе жас таланттарымызға шұрайлы, дәмді қалпында жеткізіп беруді көздеді және сол мақсатына жетті де!

Қалиханның жазушылық қасиет-қүдіреті қазағының бесігі болған Алтайындай асқаралы. Ол – Классик!

Дос-жолдас, аралас-құралас болғандар Қалиханның әділетсіздікке төзбеген азаматтығын, шамырқанғанда көкейдегісін кімге, қашан болсын қаймықпастан шапшаң, тура айтатынын атап еске алысып жүр. Өзіне жарасатын ондай мінезі маған да жақсы мәлім. Батылдығының еселеніп, кейде алдында тау тұрса да теуіп-таптап өтердей өжетігін де көргенім бар. Бір ғана мысал:

Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы Әнуар Әлімжановтың басшылықтағы әуелгі төрт жылы өтіп, енді Одақ жарғысына орай екінші төрт жыл мерзімге сайлануы шешілмек құрылтай ашылып, онда Әнуардің есеп беру баяндамасы тыңдалды. Дәстүрлі жарыссөз басталысымен, уәйда, оңды-солды сынауға төселген «классиктер тобы» шабуылға шықты: «Әлімжанов төрт жылда одақты омақастырды, әдебиетті тұралатты! Бізге мұндай орыс тілді басшының қажеті – беш тиын! Қайтадан сайламауымыз керек!» деп бірі бастап, бірі қостап қиқулады. Шабуылшы топтың «комиссары» делінетін денелі, «көзі тірі классик» ағамыз (бүгінде арамызда жоқ, аты-жөнін атамайын) буырқанып сөйлеп-сөйлеп, қалың бурыл шашы дудырап мінберден түсе бергенде Қалихан жүгіре басып мінберге шықты да: «Мен сөз сұраған жоқпын, бірақ айтпасқа болмайтын сөз сүйреп шығарды. Мен әдебиет туралы да дәнеңе демеймін, Әлімжанов жолдас барымыз бен жоғымызды, керегіміз бен жарағымызды жүйелеп, саралап, тәптіштеп түгел айтып берді. Ал менің айтарым: осы бізде өздерінен өзгенің еңбегін көздеріне ілмейтін, жоғарыға ұйымдаса арыз жазғанда алдарына жан салмайтын, сыңаржақ сынның иін қандыратын бір топ бар. Мына мінберден жаңа ғана, менің алдымда түскен анау ағамыз сол солақай топтың сөзсымағын боратты. Егер, жолдастар, осы ағамызды бүгін одақтың бірінші хатшылығына сайласақ, ертең өзінің үстінен өзі арыз жазбаса, мен мұрнымды кесіп берейін!» деді де, мінберден түсіп кетті. Залдағы көпшілік: «Дұрыс айтты!», «Бәрекелді!», десе дуылдата қол соқты.

Шабуыл сонда да тоқтамады, ашықтан жасырынға көшті. Әлімжановты іске алғысыз еткен, «Талейран», «Пиночет», «Тақ құмар» деген сияқты сасық теңеулер бар өлең таратылды. Ұйымдастыру күшті болған ғой.

Үзіліс кезінде құрылтай делегаттары әдеттегіше далаға шығып, шағын-шағын топ болып, баяндама, Қалихан Ысқақовтың қылығы, айтыссөз туралы өзара пікір алыса бастаған. Біз - бес-алты жас жазушы - Қалиханды ортаға алып: «Уай, жарадың!» деп қауқылдаса бастағанымызда жанымызға жатаған бойлы аудармашы бір ағамыз екпіндеп жетіп келіп (ол да марқұм болды), Қалиханға бір көзін аса, бір көзін баса қарап, сұқ саусағын безеп: «Сен дұрыс жасамадың! Оның көргенсіздік болды!» деді. Менің де кейде кезексіз суырыла қалатыным болушы еді: «Көркем әдебиетті насихаттау бюросын бос сөздің құм құдығына айналдырғаныңыз

үшін орныңыздан алып тастаған Әнуарды атарға оғыңыз болмай жүр-ау!» дедім. Жолдастарымыздың бір-екеуі мырс-мырс күлді. Ал ағамыз маған төменнен зілдене ырсыып қарап: «Тауып айттым» демексің ғой?!» деген сәтте Қалихан оң қолының сұқ саусағын оған кездікше кезеп: «Әй, шал!» деп зірк етті, шалы селк етті. Қалихан: «Сен маған біздің ауылдағы кержәк шалдарша қыдыып ақыл айтып құр шаршама, әгәрәки қазақтың шалы болғың келсе, сандалмай қартаюынды ойла! Болды! Әнеу-әнеу қоқыс кәрзеңкелерінде жатқан «поэмаларыңды» теріп ала кет, бар!» деді, нығыздап қатқыл сөйлеп. Ағекеміз төменшіктеп, бірдеңе деп мінгірлей бұрылып, бүкендеп кете барды. Тобымыз өсе қалған екен, - бәріміз қарқылдап күліп жібердік. Әнуар Әлімжановты жамандап әлек болған байғұс «ақынның» кім екенін де білдік...

Алдыңғы (2012) жылы-ау деймін, Әдебиетшілер үйіміздегі бір жиында жасы тоқсанға ер-тоқым салған Әсіпов Сапабек ағамыз, сексеннің сауырын сипалаған Қалихан екеуіміз бар төртеу-бесеуіміз залдың бірінші қатардағы орындығына жайғастық. Сонда «Қара шал» мені шынтағымен түртіп қалып, сыбырлай сөйлеп: «Қысқа жігіт, бір кезде бұл қатар Сәбең, Ғабең, Ғабаң, Баукең, Әбекендердің меншігі еді ғой, енді, міне, оларға ұқсай алмай, қойқыып-шойқыып біз отырмыз... «Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер...» деді. Ал жиын тарқап, Жазушылар одағы ғимаратынан шыға бергенімізде білегімді қыса ұстап: «Қысқа жігіт-ей, елге кетейікші... ауылға барып тұрайықшы... мен осы... шыным... айдалада жүргендеймін» деді. «Сен шынында шал бола бастаған екенсің» деп күлдім.

Ол талбесігін тербеген Топқайыңын сағынып, аңсап жүріпті-ау!..

Ата-бабасының, әке-шешесінің дауысы, иісі тұнып қалған, өзінің ізі өшпес өрнек болып жатқан ауылына жетпіс тоғыз жасында біржола барып, жербесігіне бөленді...

2014-жыл.

Қосымша: Сонау бір жылы қолыма «Клептократия» деген кітап тиіп, атын түсінбей аңырып, «Словарь иностранных слов» деген нән қоңыр кітапты сөремнен алып, таңсық болған сөзді іздедім ғой. Жоқ. «Клептомания» деген ғана тұр. Қызық. Шет елдің сөзі екені даусыз, ал арнаулы сөздікте жоқ. «Кітаптың ішінде автор түсінігі бар шығар, аптықпайын» деп іштей қаулы қабылдаған сәтімде телефонып шылдарлай қалды. Қалихан екен. Ысқақтың қара шал ұлы.

-Аласа жігіт, қалайсың? – деді, әдеттегісінше «ыххықы» деп күліп. Менімен құрдастық қалжыңы қысарда сәлемдесуін «аласа жігітпен» бастайтын, аракідік «қысқа жігіт» дейтін.

-Кетік жігіт, ей, қай сәтте шылдарлатуды білесің, жүз жаса! – дедім. Менің әзілім «қара шалмен», «кетік жігітпен» басталатын.

-Иә, «құланның қасуына мылтықтың басуы» болды ма? – деп күле түсті.

-Болғанда қандай, «клептократия» деген сөзді таба алмай, міне, шетелдік сөздердің сөздігін жырта жаздап отырмын.

-Шынында жоқ па?

-Жасырып отыр дейсің бе?

-Қызық екен. Тіпті ұқсас та сөз жоқ па?

-Бар. «Клептомания» деген.

-Әй, аласа жігіт, андағы сөздің соңғы жартысы маған керек еді, толық оқып жіберші. Саған керекті содан кейін тауып алармыз.

-Кержақтардың көсемі білмейтін сөз бар екен-ау, ә? – деп қағыттым. Екеуіміз де іздегеніміз табыла қалғандай-ақ мәз болдық.

-Менің сөздігімді көршілес жазушылардың бірі алып еді, кім екенін есіме түсіре алмай қойдым, бірақ әкеліп беретін шығар, сен жаңағы сөзді оқышы!

Оқыдым.

-«Клептомания (гр. слово) – болезненное непреодолимое стремление к воровству, развивается на почве некоторых психических заболеваний».

-Мәс-с-саған! Мен «мания» дегенді «мақтаншақ, бөспе» деген жеңіл сөз шығар деп отырсам, ұрлықпен араласқан ауыр пәле болғаны ма? Аласа жігіт, әйтеуір сөздікпен алысып отыр екенсің, «мания» деген сөздің жеке өзін қарап жіберші!

-Мейлің. Көңілің қалмаған бала едің.

«Кетігім» қарқылдап күлді. «Маниясын» таптым, оқыдым.

-«Мания (гр.) – состояние болезненно-повышенного возбуждения при маниакально-депрессивном психозе...

-Демек, «мания величия» дегеніміз – өзін басқалардан әлдеқайда ақылдымын деп білу болды ғой, ә? Қазақ тілінде тоқ етері қалай болғаны сонда?.. Ол ма, меніңше, ол... өзін зор тұту, өзгелерді қор тұту, ә? Меніңше, солай. Пока привет, аласа жігіт, тағы хабарласамын ғой, - деп телефонын бұқтыра салды. «Клептократия» жайына қалды. Қара шал, сірә, «манияны» мипалаулап мақала жазып отыр да, ойын суытып алмауды ойлады.

Айтпақшы, ол бірінші, мен екінші болып оқуға келіскен көне кітапқа содан кейін екеуіміз де қалайда қайта оралмадық. **ҒАББАС.**

ӨМІРБАЯНЫ

Жазушы, драматург, кинодраматург, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Шығыс Қазақстанның Сәрсен Аманжолов атындағы университетінің құрметті профессоры, Аякөз, Қатонқарағай аудандарының құрметті азаматы болған Қалихан Ысқақов 1935-жылы 14-наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының Топқайың ауылында туған. Жеті жылдық мектепті осы ауылда, орта мектепті Үлкен Нарын ауданының Жұлдыз ауылында бітірген. 1952-жылы Қазақтың бүгінде әл-Фараби атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөліміне түсіп, 1957- жылы аяқтап шықты. «Лениншіл жас»,

«Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Парасат» журналдарында он бес жыл қызмет істеді. Мәскеудегі екі жылдық сценаристер мен режиссерлердің жоғарғы курсы бітірген соң сегіз жыл Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында үшінші шығармашылық бірлестікті басқарды. 1979–1995 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағында әдеби кеңесшінің қызметін атқарды. 1998-жылдан М.Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық драма театрында әдебиет бөлімін басқарды. «Жұлдыз» журналында проза бөлімінің меңгерушісі болды.

Проза жанрында жазушының коптеген әңгіме, повестер жинақтары, бірер романы жарық көрді: «Дос хикаясы», «Менің ағаларым», «Бұқтырма сарыны», «Қоңыр күз еді», «Тұйық», «Қара орман», «Березовая роща», «Кедры высокие», «Жарық дүние», «Ақсу – Жер жаннаты», таңдамалы шығармаларының бес томдығы шықты. Бірнеше повесть, әңгімелер жинақтары, романдары орыс тіліне аударылып, «Советский писатель», «Художественная литература» баспаларында шықты. Кейбір таңдамалы шығармалары тәжік, өзбек, қырғыз, татар, башқорт, украин, чешен, болгар, чех, словен тілдеріне аударылды. «Ақсу – Жер жаннаты» романы 1992-жылы егеменді Қазақстан Республикасының тұңғыш Мемлекеттік силығын алды.

Қалихан драматургия жанрында да жиырмадан астам еңбек берді. Солардың барлығы да Республикалық, облыстық театрлардың сахнасына шықты. Олар: «Апа-Апатай», «Жәке-Жәкетай», «Сайқының тұқымдары», «Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Ерліктің екі сағаты», «Приказ остается в силе», «Двое в степи», «Революция сарбазы», «Кемпір іздеп жүр едік», «Мазар», «Мен әлі көрсетемін», «Опора с подпоркой», «Көктемнің салқын кезі еді», «Құрымбай, Желдібай Жандыбаев, Айранбайдың Мұхышы», «Жер қимақ», «Есеней – Ұлпан», «Қазақтар», «Алатау сынды алыбым». «Есеней – Ұлпан» пьесасы үшін Ғ.Мүсірепов атындағы, «Алатау сынды алыбым» пьесасы үшін Жамбыл атындағы халықаралық әдебиеттің лауреаты атанды.

Кинодраматургия саласында да біраз туындылар берді. Оның сценарий бойынша жасалған толық метражды көркем фильмдер: «Сарша тамыз», «Ұшы-қиырсыз жол», «Күзет бастығы», «Қараша қаздар қайтқанда» бүкілодақтық экранға шықты.

Қалихан аудармашы ретінде де көпке танымал. Орыс әдебиетінің классиктері Л.Толстойдың, И.Тургеневтің, А.Чеховтің, А.Куприннің, И.Буниннің әңгіме, повестерінің біразын қазақ тілінде сөйлетті.

Әдеби сын, театр сыны, эссе жанрында, публицистика, саяси-әлеуметтік тақырыпта да жүзден астам мақала очерктер жариялады.

Ұлт әдебиетін дамытудағы еңбегі үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен, «Парасат» орденімен, медальдармен марапатталған.

Отбасы: жұбайы – Ысқақова Дәметкен Акбарқызы, ұлдары: Абылай, Әлихан, қызы Самал және алты немересі бар.

МАЗМҰНЫ

Қалиханның Бұқтырмасы	
«Қараормандағы» адамдардың тағдыры	
Әй, Қалеке!..	
Өмір... әйелге деген сағыныштан басталады	
Алтайдың қоңыр құлжасы	
Қалиханның ой түйіндерінен:	
«Тектінің мінезі»	
«Тіршілігімде қанша бейнт көрсем де, бақыттымын»	
«Жазған өлеңдерімді өртеп жібердім»	
Қара шал	
Мен оларды үлкен жазушы дей алмаймын	
Өмірбаяны	